

84(5Қаз)Н.26.343.1(5Қаз)
Б.17

Төлеген БАЙЗАҚОВ

**Оңғарылған талап
Целеустремленное
усердие**



Толеген БАЙЗАҚОВ

ОҢҒАРЫЛҒАН ТАЛАП
ЦЕЛЕУСТРЕМЛЕННОЕ
УСЕРДИЕ

404572 аб
Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

Атырау - 2012

ББК 622.32
УДК 33.13
Б 17

Оңаарылған талап*Целеустремленное усердие, Төлеген Байзақов.
Атырау, «Ақ Жайық» баспаханасы, 2012 ж. - 458+120 жапсырма бет

ISBN: 978-601-7183-48-6

Қазақстан мұнайының тарихындағы көрнекті бұрғышылардың бірі Байзақов Төлеген Байзақұлының өмірбаяны мен еңбек жолын бейнелейтін бұл кітапта автордың заманындағы мұрағаттардан біршама деректер мен қозайым оқиғалар бар. Оқыған жанның қазақ мұнайының қайнаған ортасында болып қайтқандай әсерде болары сөзсіз. Бүкіл ғұмырын жапан далада, жер асты байлығын жер бетіне шығарып, ел игілігіне жарату үшін сарп еткен бұрғышының басынан кешкендері мен өмір мақсатына жету жолындағы ізденіс-мұраты, ішкі жан-дүние иірімдерін ашатын құнды пікірлері өндіріс адамының бейнесін сомдап, оқырманға ой салады. Жазбалары әсерлі, нақты оқиғаларға құрылған, орыс, қазақ тілдерінде қатар жазылып, сабақтастырыла көркем әңгімеленген. Бұрғылау өндірісі тарихы үшін бұл жазбалар құнды жәдігер. Кітап барша оқырман қауымға арналған.

В этой книге описывается жизненный путь и трудовая деятельность одного из видных нефтяников-буровиков нашей Родины Байзақова Тулегена Байзақовича. Книга богата историческими и подлинными архивными данными того не простого, но прекрасного времени, которые не изгладятся из памяти наших современников. Каждый читатель окупается в самый эпицентр схватки за нефть. Автор всю свою сознательную жизнь посвятил поискам черного золота из самых недр земли. Все перипетии колоссального трудового подвига и поиск своего назначения в жизни раскрывают образ настоящего жигита, азамата и человека большого труда. Убедительно документированное жизнеописание героя впечатляет, захватывает читателя и, наверняка, оставит неизгладимый след в памяти читательской аудитории. В истории отечественного бурения эта книга - бесценный вклад. Книга на двух языках, предназначена для широкого круга читателей.

АНАХПАТІК ПАВЗЕМБЕ

ББК 622.32
УДК 33.13

ISBN: 978-601-7183-48-6

© Т.Байзақов., 2012.

АВТОРЫ



I-БӨЛІМ



*Осы кітабымды жер бетіндегі бар жақсылықты ақ сүтімен бойыма
дарытқан анам Малике Батырханқұмы мен төзімділікке үйреткен
өкем Байзақ Шаңатарұлының рухтарына арнаймын.*

Автор

АВТОРДАН

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл жинақ бір адамның өмір жолы. Жасым алпысқа таяған уақытта, қалыптасқан жағдайға байланысты, мен де әзірлікке кірістім. Осы кездерде маған бір ой келді. Ал, мерей тойды жасармын, ол бір күндік көрініс. Ішermіз, жermіз, мақтау лебіздер айтылар. Айтылған сөздер сол жерде қалар. Жиналған жұрттың соңындағы әңгімелері ертеңіне ұмытылар. Сонда мен осы жасқа жеткенше өмірден не көрдім, не үйрендім? Нені дұрыс, нені бұрыс жасадым? Қайдан шықтым, қандай істер тындырдым, артымда не қалады? Осындай сұрақтар мені жиі мазалай берді. Содан 2003 жылдан бастап қолым тиген кездерде ойыма оралған бастан кешкен, ия болмаса есте қалған өмірімнің өткен шақтарын есіме түсіріп, күні бүгінге дейін қағазға жаза бердім. Неге екенін білмеймін, мүмкін, саналы өмірімнің ұзақ уақыты орыс тілін пайдалануыммен байланысты болуы керек. «Мне 60-лет» деп бастап кеткен алғашқы қағазға түскен естелігім орысша жазылыпты. Ал, балалық шақтарым, әке-шешем туралы естеліктер қазақша жазылыпты. Бұлар менің қысқаша өмірбаяным іспеттес болды. Әрине, соңғы жылдары естеліктер қазақшасы қазақша, орысшасы орысша толықтырылды. Бірақ, орысшасын қазақшаға, ал қазақшасын орысшаға аударам деп талаптанған да жоқпын. 2004 жылы 60 жасқа толарда маған, ия болмаса мен басқарып отырған «Мәтен» БК-на арналған мақалар аудандық, облыстық және республикалық БАҚ-да жарияланып, менің өмірбаянымнан қысқаша мәліметтер берілген болатын. Одан бұрын 2001 жылы «Атышулы Теңіз: 37» деген атпен шыққан кітапта менің атымнан жазылған шығарма да жарық көрген болатын. Оның бәрі жақсы ғой, бірақ, журналистердің жазғандарынан менің айтқан сөздерімнің өңделгені көрініп-ақ тұрды. Атақты журналист, марқұм Сабыр Өтепбергеновтің («Атышулы Теңіз: 37» атты кітапты құрастырушы және өңдеуші) айтқан сөзі есімде қалыпты. Бірде бір үлкен азамат Сакеңе қолқа

салған көрінеді: «Сабыр, сен ананың да, мынаның да айтқандарын өңдеп, құрастырып жазушы кылып атағын шығарып жүрсің, енді мені де бір жазушы кылып кітабымды шығарсаң қайтеді депті». Мен осыдан аулақ болғым келді.

Менің айтқанымды өңдеп, өзгертіп, ойыма келмейтін салыстырмаларды менің аузыма салғаннан мен өзгере қоймаспын және мен туралы пікір де өзгере қоймас деген оймен осы жинаққа тек қана өзімнің жазғандарымды және маған арналған туындыларды енгізуді ұйғардым.

Төлеген БАЙЗАҚОВ

АЛҒЫСӨЗ

Еліне адал еңбек еткен азаматтың жасы ұлғайғанда өткен өмірдегі еліне сіңірген еңбегі туралы мағлұматтарды халқына жеткізгісі келетінін табиғи процесс деп түсіну қажет. Осылардың ішінде кейбіреулері өзін өзі мақтап, шынайы еңбек сіңірген басқалардың істерін елемей, өзінің түймедей еңбегін түйедей етіп көрсеткісі келетіндері де табылады. Көпшілігі өзге азаматтардың жазылымдарына сүйеніп, өзі туралы көбірек мақтағанды қалайды. Ал, елінде болып жатқан алуан түрлі жетістігі мол оқиғалары және сол жетістіктерге жеткізген өзімен қатар адал еңбек еткен, еңбегінің нәтижесіне жетемін деп ұмтылған, сол жетістіктерінің жемісін көре алмай өмірден кеткендерінің жазылымдарға ілінбей қалғандары қаншама дейсің. Осы олқылықтарды толтыру мақсатында еліне еңбегі сіңген ардақты азаматымыз Төлеген Байзақов жауапкершілікті қолына алып, өзінің қызғылықты өмірінен аз ғана, көбінесе өзімен қатар тар жолмен жүріп, тайғақ кешкен жолдастары туралы осы кітапты ұсынып отыр. Өкінішке орай бұл кітап ішінде, өзінің түйедей еңбегін түймедей етіп те көрсетуге бара алмапты. Әрине, бұл еліне адал еңбек еткен, жанындағыларға шынайы көңілмен қараған, кішіпейілді азаматтың ісі деп білеміз. Төлегенді жақсы көргендіктен айналасы оның атын қысқартып Төлен деп атап кеткен. Мен де солардың бірі болғандықтан, Төлегеннің тәтті атын кейінгі жолдарда сол күйінде қалдырып отырмын.

Алдыменен, автор өзінің атынан жазған кітабының кіріспесінде өзінің жазушы емес екенін, оның өмірі туралы құрастырған мәліметтерін және олардың ішінде кейбір жағдайларын журналистердің әсемдеп жазамын деп, кейіпкердің айтар пікіріне басқаша түсініктер беріп жіберетінінен аулақ болғысы келіп, оқырмандарға осы өзі келтірген тізбектерді бұлжытпай беруді өтінеді. Оны дұрыс деп түсінген жөн, себебі мұнайшы мамандардың тіл жүйелері әдебиет тіліне көбіне сәйкес

келмейді, мұнайшылардың қалыптасып қалған өз терминдері бар. Әсіресе, автор өз тарапына деген орынсыз мақтауды ынғайсыз көреді.

Адамды шынықтыратын – қиыншылық. Қиындық көрмеген жан қиындықпен келген табыстың қадірін біле алмауы мүмкін. Әсіресе жас кезінен қиыншылыққа шыңдалып қалған бала, өскенде әр жағдайдағы сынақтан өтуге дайын тұрады. Бұл жастардың баршасының басынан қиындық кетпесін деген түсінік емес, тек басқа түскен қиындықтан жастар қашпаулары да, қорықпаулары да керек деген сөз.

Шіркін, балалық шақ – шын мәнінде балдәурен ғой. Азаматтың бала шағында-ақ баланың кім болары белгілі болады. «Болар бала боғынан» деп қазақ бос айтпаса керек, Төленнің балалық шағы «Боламын...» деп тұрған шағын суреттейді. Болатын бала қиындықтан қорықпайды, айналасындағы қоршаған ортаға Құдайдың берген қасиеттері бойынша зейін қойып, өмір ағынындағы жүріп жатқан құбылыстарды айқын түсінгісі келеді. Болатын баланың ұрынбайтын жері де, жаракаттанбайтын денесі де, көрмейтін қиындықтары да болмайды, еті езіліп, сүйегі сынады. Абзал анасының айтуынша Төлен «қоян аяғын жеген» тыным таппайтын, әр нәрсеге үңіліп, болып жатқан іске араласып, не болып жатқанын білгісі келетін ынталы бала болыпты. Сүйте жүріп қазанда қайнап тұрған сүтке де күйіп, құм тиіп жатқан ағаларының ісін қызықтаймын деп, құдыққа да түсіп үлгірген, күректің ұшы тиіп, танауын да жаракаттаған, өз бетімен Жайық өзенінің терең жерінен секіріп, суға да кетіп қала жаздаған, асау атқа мініп (кішкентай болса да) «өзіме көндіремін» деп, талай рет құлаған, қабаған иттерді өзіне қаратпақ болып, қуып жүргенде олардың бірі тістеп алған, жыландар ұйығына ұрынып, жылан шағып алған, сүзек ауруына да шалдығып, аман қалған, талай тағыда сол сияқтыларға тап болып, көп қиындықтардан өтіп шыңдалған бала - Төлен болатын. Бала шағында мән бермей, бері келе есейгесін судан құтқарған адам есіне түсіп, оның аты-

жөнінде білмей жүргенде, ер жетіп барып, ол бір мектепте оқыған ауылдас апасын кездейсоқ кездестірген қуанышы туралы да нәзік сезіммен есіне алады.

Ананың жаны балада, бала анаға жақын. Ананың ыстық алақаны, емізген емшек сүті, баласына деген таусылмайтын мейірімі «қай жасқа келсем де, мен саған сәбимін» деген сезім ананы күдірет деңгейіне көтеретіні айқын. Сүйегі Он екі ата Байұлының асыл тұқымы Адай болса да, қазақ тілінде берілген жазылымдар ішінде, Төлен көбінесе анасы және нағашы жұртының ардақтылары туралы сүйіспеншілікпен көп мағлұматтар берген. Туған туысқандары да, олардың Төленнің ел азаматы болып қалыптасуына себебі болулары да, ұмытылмаған.

Мектеп жасы да – мәңгілік есте қалатын шақ. Білімнің нәрін татқызған аяулы ұстаздар, қатар оқып және еңбек майданында бірге жүрген жерлестері туралы келтірілген мағлұматтар Төленнің оларға деген таусылмас сүйіспеншілігін сипаттайды.

Азамат өмірінің ұзақ мерзімі – еңбек майданы. Кітаптың қазақша жазылымында да, орысша жазғандарында да естеліктің нобайын Төлен өзімен еңбекте майдандас болып, елдің елеуіне енбей, аттары ұмытылып бара жатқандар туралы толғайды. Бұл кезеңде ол жолдастарының ішінде кімнің кім екенін, қандай жағдайда олар қай сыры жағынан ашылатынын сипаттаған, қиындық жағдайда кімнің қандай маман екенін, кімнің қиын істен аулақ жүретінін байқаған.

Төленнің өмір бойы терін төгіп, мезгілін аямай еңбек еткен бағыты – мұнай және газды іздеп, оның жер астында бар-жоғын, саны мен сапасын анықтау, оларды жер бетіне көтеріп, ел мұқтаждығына беру істері. Мұнай және газ саласы бес кезеңнен құралады:

- жер астындағы мұнай және газдың саны мен сапасы туралы ақпараттар алу: ғылыми-зерттеу, ізденіс және барлау;
- кеніштерді игеру және мұнайгаз өндіру;
- мұнайгазды тазалап, тасымалдау;

- мұнайгазды өңдеп, мұнай және химиялық өнімдерін алу;
- мұнайгазды және олардың өнімдерін өткізіп, таза пайда тауып, елді байыту.

Осы тізбектердің біріншісін ел атам заманнан геология ісі деп атап кеткен. Оның жұмысын жүргізуші жастардың армандайтын, романтикаға толы мамандығын геолог деп атайды. Ерте кездерде геологтар жер астындағы қазындылар туралы мәліметті жер бетінде көрініп шығып жатқан қабаттардан үлгі тастар алумен және соған сүйене отырып, пайдалы қазындылардың қандай тереңдікте және қалай қалыптасуы туралы мәлімет беруші болатын. Олардың негізгі құралы геологиялық балға болып есептеліп келген. Сондықтанда геология саласының рәмізі болып қос балғаның суреті келтірілген. Осы күнге дейін жоғарғы оқу орындарын тәмәмдап шыққан мамандар белгісінде осы балғалар суреттелген диплом алатындарды «Тау мамандары» деп атайды.

Мұнай саласы болса жер астындағы қазындылар туралы геолог қолына балға ұстап, еш мағлұмат ала алмайды. Оны алу үшін мұнайгаз қабатына жету мақсатында ұңғыма қазып, олардан қажетті геологиялық мағлұматтар алады. Сондықтанда, ұңғыманы бұрғылау жұмыстары геологтардың ақпарат алатын «балғасы» болып есептеледі.

Бұрғылау жұмыстары бірнеше бағыттарда жүргізіледі: сүйеніш, параметрлік, ізденіс, барлау, пайдалану, су (газ) айдау, бақылау ұңғымаларын қазу. Мұның барлығында да жүргізілетін бір процесс – ұңғыма қазу. Бұл процесс ауыр, күрделі техниканы және технологияны жүргізуді талап етеді. Сондықтанда бұл процесс көп қаражат шығаруды қажет етіп, ел экономикасына ауыр салмақ салады.

Соңғы кездерде ауыр техникалы, орасан қымбат бұрғылау жұмысын ізденіс бағыттарының кейбір салаларын геофизикалық әдістермен алмастырмақ. Бірақ та, геофизика жұмыстары қаншама арзанға түсседе, бұрғылау жұмыстарындай дәл ақпарат бере алмайды. Осыған орай, бұрғылау жұмыстары геология бағытында

бүгінгі күнде ең дәл мағлұматтар беретін геологтардың «балғасы» болып есептеледі және ұзақ мерзімге дейін осылайша қала береді.

Төлен осы мұнайгаз саласының кезеңдерінің алғашқы екеуінің өзін толықтай маманы ретінде көрсете білген азамат. Мұнайгаз саласын жалпылама алғанда, әсіресе оның алғашқы кезеңінде ең қиын да, жауапты жұмыс – бұл бұрғылау процесі. Осы аса ауыр да, өмірге өте қауіпті іс Төленнің тағдырына тап болған жұмыс. Бұрғылау жұмысына көну, оның ауырлығына шыдау, апаттардан аман қала білу кез келген бұрғышының қолынан келетін іс емес. Бұрғылау жұмысына тек батыр адамдар ғана бара алады, оны тәуекелшіл жандар мойындап, жасық адамдар бұрғылау процесінің маңайына да жолай алмайды. Жұмыстың ауырлығынан талай азаматтар зейнеткер жасына жете алмай, ден саулықтан айырылып, өмірден кеткен.

Төлен бұрғышы мамандығының қуанышынан гөрі қиындығының, абырой-атағынан беймазасының көп екенін жақсы білсе де, ол бұл мамандыққа кезейсоқ келген жоқ. Жұмыстың ауырлығын, қиындығын біле тұра «Мұндай ауыр жұмысты мен істемесем кім істейді?» деген пікірмен осы мамандықты қалаған.

Осы қиындықтарды көре де және біле де отырып, бұрғышы мамандығын таңдаған азаматты ер қатарына жатқызу қажет. Жастайынан институтты да таңдап, Грозный шаһарында орналасқан мұнай институтына түсіп, онда оқып жүріп Төлен талай қызықты тәжірибелерге тап болған: сырға бай Кавказ елінің жолдары, Қара теңіз жағалауы, шипажайлы демалыс орындары т.с.с. студент баланың көз алдында болып, оған өшпес таңба қалдырған. Қазіргі студенттер осылардың пұшпағын да көре алатын шамасы жоқ. Сол себептерден қазіргі кезде оқып жүрген бакалавр-бұрғышыларға бұрғышы мамандығына жету үшін ұзақ мерзім керек.

Төлен талай жерге бұрғысын салып, мұнайгаз белгісінің баржоғын анықтап жүріп, бұрғышылық өмірінде кездеспеген бір ауыр – Теңіз кенішіндегі № 37- ұңғымасынан алапат өрт шыққан

- жағдайға кез болды. Осы туралы автор кітап ішінде «Жалынды жыл» деген Игревскийдің күнделігін келтірген. Күнделік деп атағанмен, бұл бір жатқан дастан. Оның ішінде талай айтылған да, көп нүкте тастап айтылмай қалған жерлері де бар. Өрт сөндіру кезінде барлық кемшіліктер «жаланаштанып» баршаның көзіне танымал болғанын суреттейді.

Ұнғыманың басында өрт шығудан (1985 жылдың 24 маусымы) бастап, аяғына (1986 жылдың шілдесі) дейін болған Төлен өрттің орын алуын бірнеше субъективтік және объективтік себептермен түсіндіреді. Негізгі себеп – адам факторы: төменгі деңгейден жоғарғы орындарға дейін еш қайсысы жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмеген. Одақ астанасынан келгендер барлық қателікті қазақстандық бұрғышылардың квалификациясының төмендігінен деп те көрген, бірақ тексере келгенде олай болмай шыққан. Дегенмен де бұл таңба Орталықтағы шенеуніктер пікірінен көпке дейін өшіріле қоймаған.

Субъективтік себептермен қатар апат болудың негізгі себебі – Кеңес Одағының ыдырауына әсерін тигізген объективтік мына себептер:

- Кеңес Одағы қоғамының дамуында бұрғылау жұмыстарын орталықтан жоспарлауда жіберілген қателіктер. Жергілікті қызметтердің ерекшелігін білмей, жалпылама бұрғылау жоспарларын орталықта отырып, шамадан тым жоғарғы деңгейде бекітуі;

- орталық жоспарлау және жабдықтау органдарының Өңтүстік Ембі мұнайгаз аудандарында өндірістік потенциалдарын және инфрақұрылымдарын дамыту қажеттілігін ескермеуінде;

- жергілікті бұрғышылардың дизель отындарының, жанаржағармайларының, машиналардың және арнайы техниканың жетпестіктері туралы беріп отырған ақпарларына орталықтың көңіл бөлмегені;

- ізденіс-барлау жұмыстары жүретін жерлерге жолы жоқ жермен машиналардың бұрғылау материалдарын жеткізе

алмайтындығын есепке алмағаны;

-кажетті қондырғылардың жоқтығынан бұрғылау жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болып жатқанын ескермеуі, т.с.с.

Бүкіл әлемдегі күштерді жинап, өрт те сөндірілді, Теңіз кеніші жер жүзіне әйгілі болды, запастары адам таң қалғандай, енді «женіс гүлін» кімге ұсынамыз деген мәселе туындайды. Теңізді ашқандарды мемлекеттік сыйлыққа ұсыну жұмыстары басталып, лауреаттыққа лайықты дегендердің тізімі жасалыпты. Әрине, көлеңкеде тыныш ұйықтап жатқандар басын көтеріп, кенішті мен аштым дегендер саны арта түседі. Бұл өмірде болатын заңды құбылыс. Тізімді аяқтап келгенде «мұнай бұрғының түбінде» дейтін бұрғының иелері тізімге ілінбей қалыпты да, комиссия мүшелерінің бірі оған Байзақов Төлегенді тізімге енгізу керектігін айтқан. Осы шақта арының кіршігі бар адам үндемей қалар еді, бірақ «Теңізді ашуға менің еңбегім сіңген жок, мені алып тастаңдар», «еңбегі сіңген мына жігіттер», «ал мыналарың Теңізді ашудан аулақ, оларды тізімнен сызу кажет» деп лауреат тізіміне ілінбей қалған өмірден өткен бұрғылау ісінің мамандарын Төлен ғана батылы барып ұсынады. Әрина, «пұшпақты» бөлгенде Төленге көз алартушылар да, алғыстарын жеткізгендер де мол болды. Азамат жігіт азаматтығын, адалдығын білдірді. Шіркін, қазіргі жастарымыз Төленге еліктеп өссе екен деймін.

Текей ҚАРАМЫРЗАҰЛЫ,

Қазақстанның Құрметті инженері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Атырау мұнай және газ институтының Инновациялық жобаларды және өндірістік қызметтерді ТЭД және бизнес жоспарлау ғылыми орталығының директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Төлеген Байзақовтың
«Оңғарылған талап» атты кітабына
ШКІР

Төлеген Байзақов – Атырау облысының халқына мұнай инженері ретінде танымал тұлға. Ол атақты мұнайшы ретінде өзінің мақалаларымен немесе ол туралы жазған журналистердің көркем очерктері, суреттемелерімен жұртшылыққа жақсы таныс. Мына кітапта оның мұнай саласында қомақты еңбек еткені, Ембі мұнайының тарихына өз ісімен өшпес қолтаңбасын қалдырған қайраткер екені көрінеді.

Қолымыздағы бұл кітаптың көлемі үлкен, 600-ге тарта беттен тұрады. Кітапты ерінбей-жалықпай саралап оқып шыққанымызда үлкен әсерге бөлендік. Кітаптың екі бөлімі бар екен.

Бірінші бөлімінде автордың өзінің өміріне байланысты деректер: туған жері, ата-анасы, ағайын-тумалары, арғы аталары туралы мақалалар, сонымен қатар мұнайшы, мұнай инженері ретінде өсу жолы, бірге қызметтес болған адамдар туралы мақалалар бір-біріне ұласып, Төлеген Байзақұлының мәрелі 60 жасқа келуін баяндаумен бітеді. Демек, бірінші бөлімін ірі тұлғаның өсу, қалыптасу, қанаттану, өмірлік абыройлы еңбек жолына арналған. Бұлардың бәрі мемуарлық толғаныстарға жатады. Ал, екінші тарау ББББ-ның алғашқы іргесі қалануы, оның қалыптасу, өсу тарихынан басталып, Теңіздегі ерлік істердің куәгері болуына ұласады. Атақты №37 скважинаның әлемді дүр сілкіндірген апаты бейнеленген. Дүние әлемінде мұндай қопарылыс, мұндай өрт мұнай өндіру тарихында болмапты. Төлеген Байзақов бұл алапаттың бел ортасында жүріпті. Одан әрі Ресей академиясының Құрметті академигі, СССР-дің Құрметті мұнайшысы, СССР жер қойнауын зерттеудің Құрметті барлаушысы, РСФСР мұнай және газ өндірісінің еңбегі сіңген қызметкері Валерий Иванович Игревскийдің «Отты жыл» атты ғажайып күнделігі кітапта қисынды беріліпті.

Ол №37 атакты скважина фонтанының атылуы басталып, 400 тәуліктен кейін қайта тыным табуы жолындағы, арпалыстың әрбір күніне, сағатына, минутына дейін жазылған күнделік. Бұл күнделікте адамдардың жұмыла атқарған жанқиярлық еңбегі баяндалған. Күнделікті нақты фактіге құрылған романға яки болмаса ұзақ дастанға теңестіруге болады.

Жұртшылықтың аузында №37 скважина оқиғасы әлі күнге дейін айтылуда. Өрт болды, жалынының биіктігі 200 метрге дейін көтерілді, ол 400 тәулікте әрең дегенде сөндірілді. Халықтың білетіні осы ғана. Ал оның бүге-шүгесін білгісі келген адамға мына күнделікті оқыса табиғаттың құлшынысқа толы қопарылысты ғажап «көтерілісіне» толық қанығар еді.

Т.Базақовтың «Оңғарылған талап» атты бұл кітабы, әрине, көркем шығарма емес. Тек қана фактілерге, болған шындықтарға құрылған жазбалар.

Кітаптың көп таралыммен тез арада шыққанын қалар едік. Себебі бұл кітаптың халық зердесіне берері мол. Бұл кітапта: біріншіден, еліміздің байлығын игеретін төл мұнай инженерлерінің пайда болып, олардың өсу қалыптары көрсетіледі; екіншіден, мұнай сияқты бүкіл әлемді алақанында ұстаған кеннің оңай жер бетіне шығарылмайтыны бейнеленеді; үшіншіден, атакты №37 скважинаның тарихы, тынысы күнделік арқылы баяндалады.

Кітап оқырман талабын толық қанағаттандыратыны сөзсіз. Мұнай өндірісі туралы, оны өндірудегі мұнайшылардың ерен еңбегі туралы өшпес із, қызықты мағлұм, тарих. Кітаптың құндылығы осында.

Қадыр ЖҮСІП

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университетінің профессоры

БАЛАЛЫҚ ШАҚ - БАЛДӘУРЕН

Балалық шағым Талқайраң ауылы, «Бірлік-тан» колхозында өтті. Талқайраң деген атынан белгілі болып тұрғандай Жайықтың сол жағында, Гурьевтен (Үйшіктен) жоғары қарай он бес шақырымдай жерде орналасқан. Жайықтың жағалауы ну орман, ернеуі құм қайраң, айналасы жазық, көкорай шалғын болатын. Орманды соғыстың уақытында отынға пайдаланған, қалғаны өртке шалдыққан екен. Әріректе түбектегі тоғайлар болмаса ауылдың жақын жердегісін мал отаған. Бірақ, қайраңы мен көкорай шалғыны осы күнге дейін сақталған.

Ауыл Жайықтың негізгі арнасынан бір шақырымға жетер-жетпес жерде орналасқан. Кейбір жылдары су қатты тасығанда ауыл аралда қалып қоятын. Ауылды айналдыра топырақтан соғылған вал (су бөгеті) әлі күнге дейін сақталған. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» дегендей жаздың күні балалар кармақпен, ия болмаса, аумен балық аулайтын. Менің әкем балықшы болғандықтан ба, әлде алдымда ағам болғандықтан ба, мен сол балық аулауға әуес болған жоқпын. Ауылда алып бара жатқан байлық болмағанмен, тұрбасынан түтін шықпайтын үйлер болмаған сияқты. Себебі, ауға түскен балықтан ер-азаматтары жоқ шаңырақтарға үлестіріп беретіндерін талай көргенмін.

Бастауыш сыныптан бастап, жетінші сыныпқа дейін Талқайраң жеті жылдық мектебінде оқыдым. Сол кездегі оқу жүйесі, апайларымыздың оқушыларға деген ықыласы, тәрбиесі, талабы естен кетпейтіндей әсер қалдырды. Өмірге деген көзқарасымыз, жаңалыққа әуестігіміз, досқа, жақынға деген жанашырлықтың қалыптасуына тікелей себепші болған мектебіме, апай-ағайларымызға дән ризамын. Менің өнерге деген сүйіспеншілігімнің, спортқа бейімділігімнің, барлық адамгершілік қасиетімнің негізін қалаған өсіп-өнген отбасым, ата-анам, бауырларым, Талқайраң ауылы, оның азамат-азаматшалары және мектебім. Мен осы ауылдың азаматы екенімді мақтан тұтамын.

МЕКТЕП ӨМІРІ КЛАСТАСТАР ҰСТАЗДАР

Талқайранның жеті жылдық мектебіне 1950 жылы бірінші сыныпқа бардым. Мектеп ғимараты саман тастан салынған, қасында басқа ауылдан келген балаларға арналған интернат үйі болатын. Бөлмелер жетіспегендіктен бе, әлде оқушылардың, әлде оқытушылардың аздығынан ба, әйтеуір бір класта екі қатар парталар, соның бір қатарында бірінші, екінші қатарында үшінші сыныптың балалары оқитын, оқушылар саны оннан аспайтын. Тек бесінші сыныптан бастап, әр сыныптың оқушылары бөлек бөлмеде оқитын. Ең қиын сабақ маған көркем жазу болды. Мұғалім апайларымыз Әсия мен Үміт деген ұстаздар. Тәртіп қатты. Былаң-сылаң жоқ. Әуелі бірінші сыныптың, сосын үшінші сыныптың оқушыларының үй тапсырмасы, жаңа сабақты түсіндіру өтеді. Ың-шың жоқ, тек шыбынның ұшқаны естіледі. Сабаққа дайындалмай келу некен-саяқ. Алақандай ауылда кімнің балаларының қандай деңгейде оқитыны лезде жұртқа тарайды, ол балалардың ата-анасына ұят келтіреді. Сондықтан жалпылама талпыныс бар. Бірен-саран екі-үш жыл бір сыныпта оқитындар болды. Ондай балалар сол төртінші сыныптан асқан жоқ. Олар есейіп келіп мектеп есігін ашқан және үй жағдайына байланысты оқуды жалғастыра алмағандар. Ол күндегі мектептегі талаптар өте жоғары деңгейде болатын. Мұғалімдер өте сауатты, жауапкершілігі жоғары, зиялы адамдар еді. Ауыл интелгенциясы негізінен мұғалімдер және халық солардың ағартушылық қызметтерінің толық ықпалында болған сияқты. 1950-1960 жылдардағы мектеп бітіргендердің бірсыпырасы мұғалімдерді даярлайтын училище, ия болмаса, институтқа түсулері соның дәлелі ғой деп ойлаймын. Кластастарымыздың ішінде Сисекешов Бітім деген ерекше бір жігіт болды. Қараторының келбеттісі, көзі көк, денесі ықшам, жүріс-тұрысы ширақ, сүйкімді бозбала болды. Оған қоса өте әдемі (тенор болса керек) дауысы болды. Жоғары сыныпта оқып жүргенде талай байқауларға қатысып,

ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

жұлделер алды. Оныншы сыныпты бітіргеннен кейін әрқайсымыз әртарапқа аттандық. Ол осы Атыраудан ұзап кеткен жоқ. Не себептен екенін білмеймін, сабағы жақсы болса да, жоғары оқу орнына бармаған болуы керек. Көп жыл геологиялық барлау мекемелерінде жүргізуші, автомеханик болып қызмет жасады. Кейіннен қайтыс болды. Артында жұбайы Гүлшара, бес ұл, бір қызы қалды. Бүгінде Гүлшара мектеп директоры, ұлы ұяда, қызы қияда демекші, үбірлі-шүбірлі жанұялы болып өмір кешіп жатыр.

Талқайраң жеті жылдық мектебін бірге бітірген кластастардан бүгінде ауылда Нұрғалиев Жеңістен басқа ешкім жоқ. Жеңіс өз өмірін жүргізуші болып, Теңдік совхозында бастап, соңғы он-он бес жыл «Теңізшевройл» бірлескен мекемесінде жасап жүр. Жұбайы Рабигамен, бала-шаға, немерелерімен ауылда тұрып жатыр.

Сегізінші класты Гурьев қаласындағы Орджоникидзе орта мектебінде Айдосынов Далабай деген, бір жағынан әкеме құда, бір жағынан ағамның жолдасының үйінде жатып жалғастырдым. Сол мезгілден есімде қалғаны бір-екі кластастар: Рсалиев Жаубасар (дальный подхоздан) және Батырбаев Махамбет. Жаубасар дүниеден өтті. Артында «тұяқ» қалған жоқ. Ал Махамбетпен «Ембімұнайгаз» бірлестігінде қызмет бабында кездесіп бірге жұмыс жасауға тура келді. Ол мектептен кейін мұнай техникумын бітіріп, Маңғыстауда қызмет жасап, кейіннен КазНИПИ институтында ұзақ жылдар бас маман ретінде мұнай саласында қызмет етіп, одан «Өзенмұнайгаз» басқармасында бас геолог, басқарманың бастығы болған. Одан «Тенізмұнайгаз» бірлестігінің бастығы қызметінен, «Ембімұнайгаз» бірлестігіне басшы болып келгенде, мен жаңадан құрылған УПНП КРС-тың бастығы болатынмын. Көп кешікпей мен бірлестік бастығының орынбасары (тете президент) болғанда, Махамбет бас директор (президент) еді. Сол уақытта бірлесіп бар мүмкіндігімізше байырғы Ембінің майын көбейтуге күш салғанбыз. 1997 жылы наурыздың он бесінші жұлдызында «Мәтен» бірлескен кәсіпорнына бас директор болып

тағайындалғанда, Қазақстан жағынан құрылтайшы «Ембімұнай» бірлестігінің президенті Батырбаев Махамбет Демешұлы болған.

Ал тоғызыншы, оныншы кластарды Еркінқала орта мектеп-интернатында оқыдым. Осы білім ошағынан алған тәлім-тәрбием болашақ өмірімнің негізі болды десем артық болмас. Себебі, 1962 жылы Грозный мұнай институтына оқуға түсуге себепкер болған осы Еркінқала орта мектебінің оқытушылары. Сол жылдардан осы күнге дейін бірге оқу бітірген бірнеше ұл-қыздармен, жанұяларымен араласып тұруымыз бозбала күніміздегі қарым-қатынасымыздың кіршіксіз таза, ойымыздың пәктігін дәлелдейтін сияқты. 2000 жылы Рахымбердиев Балабай, Хасанов Батыр және осы жолдың авторы қырық жыл бұрын бітірген мектеп оқушылары және ұстаздардың кездесуін ұйымдастырдық (қосымша 1). Сол кездесуге бірқатар ағай-апайларымыз балаларымен келіп қатысты. Сол кездесуден алған әсерімізді айтып жеткізуге менің бейнелі сөзім жетпейді. Сол жиынды ұйымдастыруға ат салысқан Атыраудың көрнекті қалам иелері Төлеген Берішбаев, Өтепберген Әлімгереевтің айтулары бойынша сол жылдары Атырау өңірінде қырық жылдан кейін мектеп бітіргендердің кездесуі бұрын болмаған дегендері бар еді. Сол уақытта кездесуді қандай мақсатпен ұйымдастырып жатырсындар деген де сауалдар болды. Бұл менің ойымша өткенге есеп беру. Біз өмірге неге, не үшін келдік, не бітірдік деген мағынада. Әрине, кейбіреулер айтуы мүмкін: «Қазіргі қиын-қыстау заманда бұлардікі не ерігу?!» деп. Бірақ, сол кештегі ұстаздарымыздың көңіл-күйін, ажарқын бейнелерін көріп, олардың бәленбай жастарын шегеріп тастап, сонау қырық жыл бұрынғы оқушыларының қылықтарын, өздерінің сол уақытта қандай күйде болғандарын айтқан әңгімелерін тыңдағанда, біз осы кешті ұйымдастырғанымызға өте разы болдық. Шәкірттің ұстазға беретіні өзінің ұстазға деген ықыласын білдіру. Біз соны орындадық қой деген оймен тарадық.

Еркінқала мектеп-интернатын 1960 жылғы бітіріп шыққан түлектерге арналған буклеттің кейбір көшірмесін осы туындының

ішінде беріп отырмын.

Мектеп бітіргеннен кейін сол уақыттағы талап па, әлде басқа да себептер болды ма, ол жағын білмеймін, әйтеуір өзім жиен Зинештің қарауына Қарсақ кен орнына бұрғылау және өндіру қондырғыларының жөндеушісі болып жұмысқа орналастым. Әкемнің апасы Жұма, баласы Зинеш оның әйелі Өнер апа, қызы Зоя солармен бірге қамыстан салған үйде бірге тұрып, табандаған екі жыл сол өндірісте жасадым. Менің жасым он алтыда, сондықтан менің жұмыс сағатым үлкендерге қарағанда, бір сағатқа кеміс және менің тікелей үйретушім Шпинглер Георгий Отто болды. Ұлты неміс (ол уақытта Байшонаста көп ұлттың өкілдері тұрды: нобайы неміс, болгар, орыстар және т.б.). Нағыз кинодағы немістердің тұрпатындай, өте ірі денелі, шикіл сары еді. Мені еркелетіп Толик дейтін. Жиен Зинеш әзілдеп: «Міне, енді сен Төлен емессің, Толик болдың» деп айтып отыратын. Дядя Гриша, мен ол адамды солай атайтынмын, еңбекке таза берілген адам болатын. Тек қана өзіне тән табиғи мінезімен ортасына қадірлі болатын. Бригадада жеті-сегіз адам, бәрі де қазақтар. Бригадир дядя Гриша, ішіндегі жасы кішісі менмін. Ол уақытта қыстың күні жылыну үшін «буржуйканы», соляркімен, ия болмаса, мұнаймен қыздыратын пешті жағамыз. Әлі есімде жанар-жағар май таусыла бастағанда, біреу барып шелекпен сырттағы ыдысты толтырып тұру керек. Бригададағы басқалар ең кішісі ретінде сол жанар-жағар майды алып келуге мені жіберуге құштар. Бірақ бригадирден рұқсат жоқ. Себебі, мен бригадирдің тікелей қарамағындағы үйренушімін. Ол мен үшін жауапты. Сондықтан қасынан бір елі шығармайды. Бір күні участок бастығы Санжанов Ізімберген тұрбалар тиіп келіп тұрған автокөліктен жүктерді түсіруге мені де жұмсау керектігін айтты. Сонда дядя Гриша рұқсат берген жоқ. Себебі, мен үйренушімін, сондықтан ондай жауапты қызметті атқаруға менің құқым жоқ.

Алты ай өткеннен кейін мұнай өндірісі басқармасының бас инженері Балдуев Виктор Павлович, бас механик, бас геолог т.б.

мамандары бар Қарсақ өндірісіне келіп, үйренушіден, екінші разрядты жөндеуші сатысына көтеру үшін, мені арнайы сынақтан өткізді. Ол сынақтан өтіп екінші разрядты жөндеуші сатысына көтерілдім, және сол калпымда жыл жарым қызмет жасап 1962 жылы маусым айында Грозный мұнай институтына оқуға түсуге аттанып кеттім. «Байшонас» мұнай өндірісінің «Қарсақ» бөлімінде жасаған уақытта 1961 жылы мектеп бітірген Есқожиев Бітімғали деген бала бізге жұмысқа орналасты. Оның ағасы Ерекешев Шали Қарсақ кенті өндірісінің бастығы және жиен Зинештің досы еді. Бітімғали екеуіміз табысып кеттік. Ол уақытта Қарсақ мұнай өндірісі қызметіндегі тұрғындардан басқа бұрғышылар, жерасты қондырғыларын жөндеушілер, монтаждаушылар тағы басқа да өндірісте жасайтын ондаған-жүздеген адамдар төрт үлкен жатақханада тұратын. Көбі қазақтар емес, басқа ұлт өкілдері. Жаздың күні кешке қарай волейбол, футбол алаңдарында қызу ойындар өтеді, ал қыста шахмат жарыстары, көркем өнермен айналысатындардың сайыстары ұйымдастырылып, жұмыстан тыс уақытта клубтың іші адамнан босайтын. Сол жылдар бір ғажап тамаша уақыттар. Айналаңның бәрі жақын, бәрі дос. Ешкім бір-біріне ала көзбен қарамайтын қоғам кездері болды. Мен сол кезеңде, 1960 жылдан бастап екі жылдай сол ортада қызмет жасадым. Ол өмірім үлкен еңбек тәрбиесі болды маған. Осы күнге дейін өндірісте қызмет еткеніме қырық бес жылдан асып кетсе де, сол алғашқы жылдар маған ыстық көрінеді.

2005 жыл, қазан айы.

АНАШЫМ...

Анам Мәлика Батырханқызы 1909 жылы дүниеге келген. «Бірлік таң» колхозында қатардағы ауылшаруашылық қызметкері болып, жас кезінде балықшылар артелінде, кейіннен жазғы егістікте жұмыс жасаған.

Өркімнің өз анасы өзіне қымбат. Сондай мейірімді, ақылды адамды өмірден сирек кездестірдім десем артықшылық болмас. Туған-туыстарына, көрші-көлемдеріне, ауылдастарына өте сыйлы адам болатын.

Ауылдастары ол кісі туралы әңгіме болғанда: «Мәлика тек қана бір Мәлика ғой», - дегендерін осы күнге дейін естіп келеміз. 1987 жылы желтоқсанда анамның «күзетінде» Мұрат Ильясов деген жұмыстас көрші ағайым мен сол «күзетте» отырған үлкен кісілердің бірінің әңгімесіне куә болдым. Дүзге түн ауа шыққанда бір-бірінен сұрап жатыр: «Енді не істейміз, сен отырасың ба?» - деп. Сонда екіншісі тұрып: «Иә, бұл бір Мәлика ғой, таңға дейін осында болам» - деді.

1974 жылы жеңгей, ағам Сағидолланың әйелі бұл дүниеден озғанда, артында қалған алты немересіне, (алды он бесте, арты үш жаста) аналарын жоқтатпай, шыбын жанын солардың тәрбиесіне арнады. Ағам Сағидолла (біз бәріміз тәте дейтінбіз) 1977 жылы Үміт деген азаматшамен бас қосты. Екінші жеңгеміздің бұрынғы некеден бір-екі ересек балалары бар екен. Біздің көргеніміз бір бала. Екінші баланың әкесі басқа ма білмеймін, әйтеуір өзім көргенім де, кездескенім де жоқ. Әр затты салыстырмалы түрде білеміз ғой. Екінші жеңгеміз өте қолайсыз адам болып шықты. Бұрынғы Нұрзила жеңгемізден туған балаларды өзіне жақындатпады, өне бойы өгейсітіп жүрді. Қыздар Манар, Қалима тұрмысқа кетті, баланың үлкені Қамидолла үйленді. Қалғандары Нұролла, Абат, Қанат та одан үлкендері де, өгей шешелерімен келіспеді. Екінші жеңгеміз анамызға да қысымшылық көрсетіп, шәй-суын дұрыстап әзірлеп беруге жарамаған сияқты. Бұл тек

маған айтушылардың жеткізгені емес, өзім куә болған жайды айта кетейін.

Жаңылмасам 1984 жыл, анам маған хабар жіберіпті: «шәйім таусылып қалды» деп. Сосын балдызым Қуаныштың жеңіл машинасымен ауылға бардым. Есікті ашқанда кіре берісте еденнің үстінде жеңеміз басын шылапшынға жуып, шашын тарап отырып, сондай бір балағат сөздерді кімге екенін білмеймін, жіберіп отыр. Көзін жұмып алған, шашы бет алдының бәрін жауып кеткен. Біздің келгенімізді естіп отырған жоқ. Мен аз-мұз кідірдім де, төргі үйге кіретін есікті ашып кіріп кеттім. Қуаныш та менімен бірге кірді. Анам үлкен бөлмеде керуетте жатыр екен, ұшып түрегеліп, құда баласымен амандасып, үй ішінің саулығын сұрап бәйек болып жатыр. Біз көрпеге жайғастық, мен әкелген шәйімді беріп, жағдайдың мәз емес екеніне көз жеткізген соң, қайтып қалаға кеттік. Сонда анам жеңеміз туралы ешқандай әңгіме айтқан жоқ. Тек қынжылғаны, құда баласына шәй ауыз тигізуге мүмкіншілігі болмағаны.

Анам 1981 жылы жүрек талмасынан (инсульттен) құлап, бір аяқ, бір қолының жұмыс жасау қабілеті азайып, тек дәрігерлердің күшімен, өзінің де өмірге деген құштарлығының арқасында ауыл арасына жүріп-тұратындай хәлге келді. Жылына екі рет ауруханаға жатып емделетін. Шаршаған уақыттарында ауылдан бізге қалаға келіп, екі-үш күн жатып кететін еді. Сонда анамның демалысы долы жеңеміздің айқайынан аз да болса тынығу екенін, ол уақытта білсек те көп мән бермеппіз. Бір-екі рет біздің үйге келіп тұрсаңыз қайтеді дегенде, ол кісі бірінші жеңемнен қалған балаларды ойлап, екі-үш күн болғаннан кейін ауылға кетіп қалатын. Сол уақытта менен ешқашан машина сұрап «анда апар, мында апар» деп айтқан кісі емес. Автобуска мініп жүріп бар шаруасын бітіретін.

1987 жылы 5-ші желтоқсанда мен әдеттен ерте тұрып кететін жайымнан өзгеріп, сағат 11-ге дейін төсектен тұрмай, өзімнен-өзім бүртүрлі болып жатыр едім, ауылдан ағамның баласы келіп,

анамның ұйқыдан оянбай қалғанын есіртті. Анам, дүниедегі ең асыл адам, жүрегімнің жарық нұры анам, осылай өз төсегінде ешкімге ауыртпалығын түсірмей дүниеден өтті.

Нағашы атамыз ескіше оқыған адам болғандықтан анамды молданың қызы дейтін. Біздің кішкентай күнімізде, бірінші, екінші оқып жүргенімізде тілімізді кәлимаға келтірем деп, аз-мұз аят, дұға жаттатқан. Таза, жинақылықтық ата-анасынан дарыған қасиет болар. Жас күнімізде біздің киген киімдерімізге дейін қадағалап отыратын. Нағашыларымыз туралы деректерді Мәжит Мұхтаровтың 2003 жылдың 13 қыркүйегінде «Атырау» газетінде жарық көрген «Исатай-Махамбетке серік болған батырлар» деген мақаласынан алынған үзінділермен толықтырып кетейін;

«Қалдыбай Қосаяқұлы

Сары Ысық руынан Қара Ораз-Пұсырман-Тілеуке-Қосаяқ-Қалдыбай болып тарайды. Қалдыбай да аты әйгілі батыр. Сегіз сері:

«Танатар мен Қабыланбай,

Есмағұл мерген - үшеуі,

Қалдыбай ақ пен қарасы.

...Үшеуінің сұрасаң,

Қосаяқ батыр бабасы.

Жолдас болған Сырыммен,

Кезінде елдің данасы...» деген.

Қалдыбай осы көтеріліске балалары Қабыланбай, Иманбай, Таңатар, Бекайдар, Есмағұл, Есмайл, Уәли, Ғайнижамал, Иманәлі, Сабалақ, Қали, Көпсек деген 12 баласын бастап келген. Оларға осы Ысық руынан Бекет, Ертай (Исатайға атқосшы болған), Бекей, Қадырқұлдар (әкелерінің аты аталмаған) қосылған. Қалдыбай тәжірибелі батыр болғандықтан көтерілісшілерге үнемі ақыл кеңес беріп отырған. Айла-тәсілі мол батыр болған Тастөбедегі ұрыста алдымен жауға тиген ол зеңбіректің оғы дәл түсіп, қапыда қаза болған. Махамбеттің:

«Ерсары мен Қалдыбай,

Екі арыстан тең өлді...» - деп қайғыра жырға қосқаны осы кез еді.

Зеңбіректің екі атылған оғынан, Ырсалы Көсепұлы, Көбек Қараменұлы, Ержігіт, Дәріжігіт Лекерұлы, т.б. 60-тай адам қаза болған. Сондай-ақ, көтерілістің өн бойында Есмағұл, Уәли, Ғайни, Қабыланбайлар ерлікпен шәйт кеткен.

Қабыланбай Қалдыбайұлын көтерілістегі Исатай, Махамбеттен кейінгі үшінші тұлға ретінде ерекше айтқан жөн. Ол алып денесіне алапат күші сай батыр. Қабыланбай тобы алғашқыда 60-70 адам болған. Осы қолымен жүріп-ақ отаршылар тартып алған жерлерді қайтарып алуда шекара әскерлерін, Теректідегі Балқы ауылындағы қанды шайқаста саны үш есе артық Балқы қолымен 63 адамы кескілескен ұрыс жүргізіп, тас-талқан етіп жеңген. Сөйтіп, шаруаларға айырылып қалған қонысын, малдарын тартып алып берген.

1837 жылы 26 қарашада Тастөбе маңында барлау жұмысымен жүрген оны Трофимовтың жақсы қаруланған 75 казак-орыс әскері мен 100 хан жасағы қоршап алған. Есаул: «Қаруды тастап беріл!» - дейді. Сонда Қабыланбай ол талапты орындаудың орнына бірден өздеріне қарсы шауып, жолындағыларды шыбын құрлы да көрмей найзамен қағып, қылышпен жасқап, қоршауларын жарып өткен ғой. Сонда ғана есі кірген олар атын атып құлатып, әрең дегенде тұтқынға түсіреді. Текеге айдарында подполковник Геке былай деп жазады: «Қол-аяғына кісен салуға мұнда ол болмағандықтан және Қабыланбайдай алыпқа арқан-жіп дүние емес шығар деп, бұрынғы он кісінің үстіне жиырма сегіз кісіні қарумен қосып, бүгін-ақ Текеге жөнелтуді мақұл көрдім» (Шахматов 195-б.), кейін әскери сотта Қабыланбайды 500 солдатқа үш реттен шыбық соққызып, одан соң Сібірге жіберуге үкім етеді деген. Осы сапарының бірінде амалын тапқан ол, айдаушыларды қонып жатқан жерінде қарусыздандырып, әрі жаяу

қалдырып, қасындағы жолдастарымен аттарын мініп, қалғанын қуып, құтылып кетеді. Сөйтіп, көтерілісшілерге қайта қосылады. Жайықтан өткенде де бірге болады. Көтеріліс жеңілгеннен кейін, жауынгер жолдастарын жерлеу үшін ұрыс даласына қайтып келген. Аңдыған жаулары осы жерде тағы қамайды. Қырсық қылғанда аты батырдың садағын (тағы бір ақсақалдар «найзасын» дейді) басып сындырған екен. Сонда да жауларынан қаймықпай үзеңгісін қару етіп, айқасады. Алдыртпасын білген жеңдеттер оны тор тастап ұстаған. Бәрі жабылып қол-аяғына арнайы соғылған шынжырлы кісен-бұғау салған. Текеге апарған соң, бір көзін ойып алып, азаптап өлтірген дейді. Айтмағамбет өз жырында бабасы жайлы:

*Қанды кек, содан қалған қанмен қайнап,
Шынжырмен Қабыланбайды алды байлап.
Қосылып Исатайға соғыстың деп,
Жіберді жмырма бес жыл Сібірге айдап - деген.*

Әйтсе де, осы қарсылығы жеңдеттердің ызасын туғызып, азапталуына себепші болса керек. Қабыланбайдан төрт ұл қалған. Оның кенжесі Лұқпан. Ол заманында «Сар жорға» аталған беделді де шешен адам болған. Одан алты ұл, екі қыз. Оның Қуанышынан - үш ұл, бір қыз, оның Айтмағамбеті (1902-1969 ж.ж.) айтулы ақын болған, одан - Сәлімгерей, Сәкен.

Гайнижамал (Гайни) Қалдыбайқызы - әкесі оны жорықтарға ерткісі келмеген. Әйтсе де өжет қыздың ерлігі ағаларымен жорықтарға шыққан кезде жиі байқалған. Мына бір қайғылы оқиға ауылда әке, ағаларының жоқ кезінде болған. Сұлтан Баймағамбет Айшуақов пен Орал казак әскерінің атаманы, генерал Д. Бородин бастаған жазалаушылар келіп, Қалдыбай ауылының жылқы мен түйесін қуып қыр аса берген ғой. Бұған ауылдағы өжет те батыр қыз ақ боз атқа міне шауып малдың алдын зырылдауықпен үркітіп, кейін қуа жөнелген. Осы кез-

де отряд басшысы «тұтқындандар!» деп солдаттарына бұйрық береді. Сонда Ғани өзін қоршап ұстамақ болғандарға қарсы ұмтылып, қолындағы үкілі найзасымен төртеуін бірінен кейін бірін найзағайдай шапшаңдықпен түйреп аттарынан ұшырады да қоршауынан шығып кетеді. Ұстатпауға айналған Ғаниді бір солдат, Баймағамбеттің бұйрығымен атқанда үстіндегі сауыты жоқ ол, окка ұшады. Аттан құлаған батырдың кім екенін білуге келген жауыз жендеттер оның жайылған шашынан қыз екенін біліп, оның қайратына таң қалыпты. Сегіз серідей айтулы азаматтың жүрегіне от салып, інкәрлігін оятқан,-дейді Т. Сүлейменов өзінің «Сегіз сері» кітабында. Сері сүйген жарына арнап, бүгінде халықтың әні деп аталатын «Ғайни» әнін шығарған. Кешегі Ұлы Отан соғысында аса ерлік көрсеткен батыр қыз Әлия Молдағұлқызы осы Ғанидің туыстас сіңлісі».

Анамыз Иманбай атаның Батырхан деген баласынан туған. Алдында екі ағасы болған, Жұмабек және Өтеп.

Қабылбай атаның Құлшық деген баласынан тарайтын Мырзалиев Өтеген Төлеуғалиұлы нағашымның жазба деректерінде Иманбай нағашы атамыз туралы былай делінген;

«Қалдыбайұлы Иманбай 1836-1838 жылдары Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің тұсында Ысық руының старшинасы бола тұра, ел ішіндегі халықтың ауыр, шыдамсыз жағдайларын әділетсіздіктің нәтижесі деп есептеп 1837 жылы Исатай Таймановтың Оренбург генерал Губернаторына жолдаған үндеуіне қол қойған, осы кезден бастап Иманбай саяси сенімсіздер қатарына қосылып, жергілікті сұлтандар оның үстінен Орынбордағы патша әкімшілігіне үсті-үстіне хабарлама түсіріп отырған, осыған байланысты Иманбай патша әкімшілігінің жергілікті уәкілдерінің бақылауына алынған және Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің белсенді мүшесі ретінде есепке алынып бақылауда болған.

Подполковник Гекеге 17 қазан 1837 жылы генерал губернатор Перовскийдің берген жазбалы тәртібінде, Хан ордасы-

на қауіп туғызған: Исатай, Махамбетті, Иманбай Қалдыбаевты қоғамға қауіпті адамдар деп санап, тұтқындауды талап еткен. Осыған орай Иманбай көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, бой тасалауға мәжбүр болған, Хиуаға (Өзбек еліне) ығысып кеткен. Кейін жылдар өткізіп, елге оралып Тайсойған өресінде дүние салып, «Жарып шыққан» өзегінің «Жаманаша» қоктысысының «Қашқыншылардың» шекарасына қарай өтетін жердің шағыл бетінде жерленген (осы қауымда Қызылқоға өресінде Кенес өкіметін орнатуға белсене қатынасқан, ақтардың қолынан қаза тапқан Рамазан Төлегенұлы да жерленген).

Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Иманбай өте төре адам болыпты, оған мынадай сипаттамалар келтіріледі: біріншіден өте сыпайы киінеді екен, соған орай мәдениетті де болған. Қынабында күміс пышпақ, күміс шанышқы, алдына тағам келгенде сыпайы түрде жоғарыдағы аспаптарын қолданып ауыз тиеді екен. Сол сияқты атына салатын ер-тұрмандары да ерекше жасалып, күміс айшықтармен көмкеріледі екен. Сөйтіп осы ерекшеліктері Иманбай бабамызды сәндендіріп тұрса, сөйлеген сөзі, ақыл ойы оның аржағында көрініп, кездестірген жандарды оның үстіне сүйсіндіреді екен.

Иманбайдан дүниеге: Бағытжан, Балуан-Сұлтан, Әміржан (бұлардан ұрпақ қалмаған) Батырхан одан Жұмабек, Өтеп, Мәлике дүниеге келіп, Жұмабектен ұрпақ болмады да, Өтептен екі ұл болған, олар тірі, мұнай өндірістерінде. Ал Мәликеден дүниеге ұл-қыздар келген, олар бар, осы Атырау өңірінде.

Мәлике апамыз руы Бәйімбет адай, Тайсойғанда туып өскен Айзақ деген азаматқа тұрмысқа шығады. Бірақ жездеміз көп ұзамай дүниеден өтіп, кейіннен апамыздың құрсағында қалған Сағидолла атты жиен дүниеге келген. Артынан әменгерлік жолмен Айзақтың інісі Байзаққа атастырылған. Байзақпен ұзақ жылдар бірге тұрып екі ұл, бір қыз дүниеге әкелген. Олардың барлығы да бұл күнде өз алдарына шаңырақ көтеріп, үбірлі-шүбірлі боп, жапырақтары жайылып, тамыры тереңге тартқан бір-бір бәйтерек.»

Қабылан жүректі ҚАБЫЛАНБАЙ

біз ол туралы не білеміз?

1836-1837 жылдардағы Ішкі (Бөкей) Ордадағы халық көтерілісін ұйымдастырушылардың алдыңғы қатарында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының жақын серіктестерінің бірі Қабыланбай Қалдыбаев болды.

Ол қазақ халқының әлеуметтік теңдігі, елдің тәуелсіздігі жолындағы күресте құрбан болған Қалдыбай Қосаяқұлының баласы. Исатай мен Махамбет батырлар 1836 жылдың көктемінде еңбекші бұқараның теңдігі мен азаттығы жолындағы күресті бастаған кезде Қ.Қосаяқұлы және оның ұлдары бірден көтерілісшілерге келіп қосылған. Бөкей хандығындағы көтеріліс барысында Қалдыбай Қосаяқұлдары-соның ішінде Қабыланбай көтеріліс басшыларының ең жақын серіктестеріне айналды, өздерінің қаһармандықтарымен олардың есімдері аңыз болып тарайды.

Қабыланбай 1837 жылдың қараша айында көтеріліс басшыларын жазалаушылардың тұзағынан құтқару үшін өз өмірін құрбандыққа шалатындай ерліктің ерекше үлгісін көрсетті.

Исатай мен Махамбет бастаған 27 адам Қаныш моласы маңында кеңес құрады. Көтеріліс басшыларын үзбестен іздеп жүрген жазалаушыларды шатастыру үшін Исатай мен Махамбет тобы Жайық өзенінің жоғарғы жағына қарай ауысты, олар сол жақтан Жайықтан өтуі мүмкін деген лақап тарату қажет деген шешімге келеді. Осы лақапты тарату міндеті жүктелген Қабыланбай қасына бір жігітті ертіп, кейін қарай Тастөбеге аттанады. Тастөбеде есаул Трофимов 75 адаммен көтерілісшілердің жолын қадағалап тұрған болатын. Айналаны бақылап жүрген Хорунжий Еремеев аттылы екі адамды қуып, қараңғы түсе олар екі адамның біреуін ұстайды. Ұсталған адам, қашып бара жатқан екінші адамның Исатай мен Махамбеттің ең жақын серіктестерінің бірі Қабыланбай Қалдыбаев екендігін айта-

ды. Кейін казактар Қабыланбайдың өзін ұстап, қолға түскен Қабыланбай батырды жазалаушылар Қаратоқай қорығындағы подполковник Гекеге алып келеді. Қабыланбай былай мәлімдейді: «Қаныш моласы маңындағы болған кеңесте көтерілісшілер Орталық дистанцияға аттанып Сахарная бекінісінің жоғарғы жағынан Жайықтан өтуді ұйғарды. Ол үшін Исатай мен Махамбет бастаған отряд Александров-Гай мен Өзен линиясы аралығы арқылы жүруге шешім қабылдайды. Қабыланбай осы кеңестен кейін ауылдағы әйеліме барып қайту үшін жолға шықтым» - дейді. Қабыланбайдың осы жауабынан кейін Геке И. Таймановтың өзенге қарай өтетін жолын аңду туралы бұйрық береді. Шындығында Қабыланбайдың барлық әрекеті және оның берген жауаптары жазалаушы әскерлерді басқа бағытқа сілтеу мақсатында ойластырылған іс болатын.

Қабыланбай «Исатай тобы онша қашықта емес, олар осы маңда жүр. Егер қажет десеніздер алып барайын» - дейді. Ертеңіне елең-алаңда Трофимов Исатайды тауып келу үшін Қабыланбайды жол бастаушы етіп арнайы отряд жібереді. Қабыланбай жазалаушылармен күні бойы жер-жерді шарлап, аттары әбден болдырып, кейін қайтып келеді. Таңда жауған қардан олар Исатай отрядының ізін де таба алмайды. Шындығында, Қабыланбайдың бұл әрекеті Исатайлардың бұл жерден алысырақ кетуіне жағдай жасау болатын. Бұл әскери айла өз жемісін беріп, Исатай мен Махамбеттің шағын отряды 1837 жылы 13-ші желтоқсан күні таңда төменгі Жайық шебінен Жаманқала форпостының жоғарғы тұсынан толастамай жауған қар мен қараңғылықты пайдаланып, Кіші жүзге өтіп кетеді. Осы бір тарихи шараны іске асыруда Қабыланбай Қалдыбаевтың жеке басының ерлігін, халық камын ойлаған көтеріліс басшыларын сақтап қалу үшін өзін құрбан еткендігін ерекше айтқан жөн болады.

Подполковник Геке Қабыланбай туралы генерал Перовскийге былай деп жазады: «Ол нағыз азамат, ержүрек жан. Көтерілістің басынан бастап Исатайдың жанынан бір елі қалмаған, бұл жігіт

барлық жерде де батырмен бірдей әрекет жасады. Нақ, қазірдің өзінде де рухының мықтылығын дәлелдейтіндей, серіктері туралы жұмған аузын ашқан жоқ...». Қабыланбайдың жойқын күші мен батырлығын мойындаған Геке одан әрі былай деп жазады: «Бұл жерде темір жоқ, ал арқан Қабыланбайға түк емес екендігін ескеріп, өздеріңнен қатынас қағаз жеткізген 10 адамға хорунжий Ереміннің 28 адамын қосып беріп, 8-ші желтоқсанда оны Орал қаласына жөнелтеміз». Кейін Оралдағы әскери сот Қабыланбайға 1 500 шыбық дүре соғылып, жазасын Сібір каторгаларының бірінде өтеуге үкім етеді. Халық үшін кам жеген қайран батыр сол Сібірден елге қайтып оралмайды.

Қабыланбай Қалдыбайұлының ерлігі парсы басқыншыларын шөл далаға бастап апарып, олардың қырылуына, сөйтіп еш нәтижесіз еліне қайтуға мәжбүр еткен сақ батыры Ширактің, жау әскерін батпақты орманға батырған орыс батыры Сусаниннің ерлігімен деңгейлес.

Еңбекші бұқараның ұлттық және отарлық езгіге қарсы азаттық күресін бастаған Исатай, Махамбет батырлардың қанды көйлек серігі Қабыланбай Қалдыбайұлының есімі еліміздің тәуелсіздік жолындағы күрес тарихына алтын әріппен жазылады.

Сондықтан да тарихымызда сирек кездесетін мұндай батырлардың есімін ұмытпай, есте сақтау қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Қабыланбай Қалдыбаев сынды ержүрек күрескердің есімін мәңгі есте қалдырудың тәуелсіз еліміздің азаматтарын, әсіресе жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде алатын орны зор болмақ.

*Амангелді ШАМҒОНОВ,
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы және мәдениеті
кафедрасының құрметті профессоры.*

Өтеген нағашым (1922, 02/01-2005, 28/07 ж.ж.) жоғары білімді зангер, ұзақ жылдар сот, прокуратура жүйесінде қызмет істеген, менің нағашыларымның ішінен ең жақын араласқан, сыйласқан, қамқорлығын көп көрген туысығаным. Нағашымның аруағы риза болсын деп сол кісінің өзі құрастырып жазып кеткен «Ысық Пұсырман ұрпақтары» туралы шежірені осы кітапқа енгіздім.

Ысық Пұсырман ұрпақтары (Шежіре)

Он екі ата Байұлы деп аталатын бірлестікке кіретін ірі рулардың бірі-Ысық. Шежіре бойынша Ысықтан Ақсары, Тоғыншы тарайды деседі.

Ақсарыдан Мәмбетәлі, Кедей, Ханкелді, Қамай. Мәмбетәліден Самай, Шүйініш, Кедейден Кедейбас, Ханкелдіден Баубек, Қамайдан Сары.

Тоғыншыдан Қалырберген, Тәңірберген одан Есенбет, Жиес, Есім. Есенбеттен Қараораз, Айбас, Жылқыайдар, Төлеке, Ұзнабай.

Қараораздан Пұсырман, Айткүл, Болат, Жарты, Қарасарт.

Аңыз бойынша Қараораздың бабалары, балаларын санағанда Қарасарттың ұрпағы көп болады екен депті дейді. Расында да Қарасарттың 6 баласынан тараған ұрпақ көп болған, ал Жартының тұқымы аз болады деп болжам жасаған деседі, шындығында бұл атадан ұрпақ аз болған. Жартының ұрпақтары Ойыл бойында болып еді, оның тікелей өз балаларынан мағлұмат жоқ, бірақ беріректен сол жарты ұрпағына жататын Әлжан, Қаратай, Сидеғали, Шыңғыс, Алдаберген, Жеңіс - Ойылда, Баймұхан, Серікқали, Сәрсен, Жоламан - Алматыда жоғары білімді адамдар, Нұралы, Ақтөбеде Жарас Мәскеуде Ерғалидан Жарылғасын, Имұхан, Қаратайдан Абат, Қайрат, Айымгүл Атырауда.

Пұсырманнан Алдос, Бимырза, Құдияр, Тілеу. Алдостың ұрпағы Сыр бойында. Бимырза ұрпағы белгісіз. Тілеуден Қосаяқ, Қоныс, Махамбет, Шығанақ.

Қосаяқтан Сәндібай, Мамырбай, Сары, Қалдыбай.

Сәндібай ұрпағы Ресей жерінде болуы мүмкін. Ол кезінде Ресей сенатына сайланған адам еді, біз жақта оның ұрпағы жоқ.

Мамырбайдан Лай, Қамза деген балалар болған, бірақ олардан ұрпақ жоқ.

Сарыдан Темірғали деген арабша өте сауатты молда болып еді, оның бірер ұрпағы Оралдың Қаратөбе ауданындағы Мұхит ауылында болған Ғалиев Ермек деген.

Қалдыбайдан Иманбай, Қабыланбай, Көпсек, Иманәлі, Қали, Таңатар, Бекатар, Сабалақ, Есмаил, Уәли, Есмағұл, Ғайнижамал.

Пұсырмандардың ұрпағы Бөкей ордасы құрылғаннан кейін Еділдің бір саласы Тептер өзенінің бойын қоныстанған. Осы жерден бұларды патша әскері, Жәңгір хан жасақтары күшпен зорлап қайтадан Тайсойғанға көшірген. Қыста «Жарып шыққан» өзенінің бойында болып жаз жайлауы Ойыл, Сағыз өзендерінің бойы, «Шыңғырлау», «Торы ат», «Қыземшек» деген жерлер екен.

Пұсырман ұрпағын Тептерден зорлап көшіргенде орыс әскерлерімен қақтығыс болып Қалдыбайдың жалғыз қызы Ғайнижамал оққа ұшқан. Ол оқиға жөнінде мынадай мағлұмат бар. Ғайнижамал әнші, домбырашы, суырып салма ақын, өте көркем, мықты сымбатты адам болулы. Ғайнижамалға ғашық болған Сарыарқадан келген Сегіз сері атанған атақты ақын екен, шын аты Мұхамбет-Қанапия, 1818 жылы туған. Қыздың ата-анасымен танысуға келгенде мынадай өлең жолдарын айтулы:

«...Еділдің суы терең, жары биік,
Жайылған алабында елік, киік.
Тоғайлы, көк шалғынды әсем өңір,
Қазаққа қоныс болған тәңірім иіп.
Еділдің екі беті орман - тоғай,
Сырымның кетуі одан болмапты оңай.
Жайлау, күздік, қыстауын сұм патша,
Алып көшіпті батысында қалың ноғай.

Еділдің Теттер деген саласы екен,
 Бұл жерге көршілер де талас екен.
 Еділдің шығыс жағын мекен еткен,
 Кіші жүз Байұлының баласы екен.

Ішінде Байұлының Ысық елі,
 Сауықшыл болады екен қыз-жігіттері.
 Көсемін Ысық, Тана іздеп едік,
 Қалдыбай батыр екен кемеңгері.

Бәйбішесі Қалекеннің жақын келіп,
 Сөйледі кезек алып көңілденіп.
 «Ұлым» деп ықыласы маған түсіп,
 Бетімнен сүйді жылы шырай беріп.

Біз сенің екінші ата-анаң деді,
 Бақытың өрлей берсін, балам,-деді.
 Ғайниыма лайық ер екенсін,
 Әрдайым Алла болсын панаң,-деді.

Әр жерден алғыс алдым жарлы-байдан,
 Жасырып қашқындықты салдым сайран.
 Көрсен де алғаш рет ықыласы ауған,
 Қалдыбай мен ауылына қалдым қайран!»

Сегіз сері «Қыз сипаты» деп аталатын 133 шумақтан тұратын олең шығарған.

Қалдыбай ел ішінде «Қызыл көз Қалдыбай» деп аталыпты, өзі ер жүрек, өте өжет адам болулы, жөнсіздікке көнбеген. Осы қасиеттері Исатай-Махамбет көтерілісінің басшыларының бірі болуына итермелеген. Өз әулетінен соғысқа 12 адам қатысқан. Сол соғыста Қалдыбай өзі, ұлдары Есмағұл, Уәли, Таңатар, Бекатар, Ғайнижамал (қызы) оққа ұшқан. Қабыланбай мен Есмаил патша әскерінің қолына түсіп, трибуналмен сотталып, Сібірге ай-

далып кеткен, содан оралмады.

Иманбай, Қали, Иманәлі, Сабалақ және Көпсектер көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан соң, бой тасалап Хиуа хандығына қарай өтіп кеткен. Бірнеше жылдардан кейін мекендеріне оралған.

Қабыланбай өте ірі денелі, түсі кара адам екен деседі, әкесінің бойындағы ерекше адамгершілік қасиеттері-батырлығы, парасаттылығы түгелдей сіңген.

Қабыланбайдың батырлығын мынадай оқиға сипаттайды. Қабыланбай 17 жасында бір топ батырлар ішінде Кенесары, Байбақты батырлар бар аң аулап жүріп, өте ірі қабанды кездестіреді. Бас салып ұстауға батылдары бармай тұрғанда Қабыланбай жатқан аңның үстіне секіріп мініп, ердің үзенгісімен ұрып өлтіріпті дейді.

Қабыланбай жеке өзі қол бастап «Райым», «Теректі», «Сарыөзек», «Тастөбе» т.б. шайқастарға қатысқан.

Қабыланбай 1837 жылы 27 қараша күні соғыста атына оқ тиіп қолға түсіп тұтқындалған. Осы оқиғаға байланысты патша әскерінің қол басшысы подполковник Геке Орынбор генерал-губернаторына хат жазғанда оны былай деп сипаттапты: «он молодец собой, отважен, находясь при Исатае с самого начала везде действовал с ним в чем ничуть не запирается, показывая и теперь твердый дух...» (из архива военного трибунала Оренбургского губернатора 1836-1838 гг. Лист 441).

Қабыланбайдың балалары Құлшық (азан шақырып қойған аты Әжігерей екен), Шөңқанай, Балуанахмет, Лұқпан. Бұлар әкесі айдалып кеткенде үлкені Құлшық 15-те, екіншісі Шөңқанай 12-де, үшіншісі Балуанахмет 9-да, төртіншісі Лұқпан 6-да екен. Бұлар нағашысы Жеті ру Табынның қолында болып тәрбиеленген, сонда өсіп-өніп кейін ата-бабаларының қонысына келген. Осылардың бәрі Тайсойғандағы «Жаманаша» деген өзенінің бойындағы қауымға жерленген, бейіттерінің басында құлпытастары бар.

Құлшық 2 әйел алған, оның бәйбішесінен Мырзалы, Мұса, Құлжан, екінші әйелінен Жақия, Хамит, Шаймардан, Шарафи және 2 қыз дүниеге келген. Бұлардың ұрпақтары Мырзалыдан 3

ұл, 2 қыз туған. Әбдір, Рақыш, Рахмет қайтқан ұрпақ жоқ, кенжесі Рамазан 1919 жылы туған еді, Ұлы Отан соғысынан бұрын армияға алынған 1942 жылы Ленинград түбінде хабарсыз кетті. Рахметтен Бағила деген бір қыз болған. Қазір Атырауда тұрады, балалы-шағалы.

Мырзалының 2-ші баласы Дұраштан Жұмазия - зейнеткер, одан бір қыз бар, Хабимолладан Хиуа, Аккал, балалы-шағалы осы Атырауда, ұлы Жолдас шаңырақ несі, жоғары білімді инженер оның Ермек атты ұлы бар, екі қызы бар.

Мырзалының 3-ші ұлы Төлеуғали одан Өтеген, жоғары білімді заңгер, ұзақ жылдар сот прокуратура жүйесінде қызмет істеген. Қазір зейнеткер Атырауда тұрады. Балалары Тілекқабыл, Гүлнәр, Айнагүл, Айымгүл, Қайрат, Берік. Берік жоғары білімді инженер, бір баласы бар.

Мұса (Кұлшықтың 2-ші баласы) одан Сатыбалды (ұрпақ қалмады), Қазжан Ұлы Отан соғысынан оралмады, баласы Есен жоғары білімді мұғалім болған, дүние салды. Оның 4 ұл, 3 қызы бар, көпшілігі шаңырақ көтерді. Жылыой ауданында, Маңғыстау облысында тұрады. Орынбасардың қызы Халима зейнеткер, ұлы Саламат, Салу (қайтты). Саламат жоғары білімді дәрігер болған, одан 1 ұл, 2 қыз бар. Маңғыстау облысында.

Мұса, Сатыбалды, Орынбасарлар өздерінің ата қонысында Тайсойғанда жерленген.

Кұлжан (Кұлшықтың 3-ші баласы) одан:

1. Тәжімұлы Қашығолла соғыстан оралмады, қызы Әмина Атырауда.

2. Ертәжі Төлей одан 3 ұл, 1 қыз бар Жылыой ауданында тұрады.

3. Ақтәжінің 3 ұл, 2 қызы болды. Ұлдары Қуаныш, Жолдас, Асқар Ақтауда, Алма және кенже қызы Алматыда тұрады. Балалы-шағалы.

Жақия (Кұлшықтың 4-ші баласы) одан Есқали (зейнеткер) 3 ұл, 5 қызы бар. Бәрі де ержеткен, үйлі - баранды адамдар.

Хамит (Кұлшықтың 5-ші баласы) одан 4 қыз, бәрі балалы-

шағалы, ұлы Шақес. Одан 3 ұл, 2 қызы бар, ұлдары Жарылғап (Ақтауда), Жақып, Жақай, (Құлшықтың 6-шы баласы) Шаймардан одан тұрмыс құрған 2 қыз бар, ұлдары Мұқаш-жоғары білімді инженер Калининград қаласында. Нияздың 2 ұлы бар, біреуі жоғары білімді оқу орнын бітірді. Біреуі оқып жүр, өзі мұнайшы Атырауда, Вьетнам елінде болып келді.

Шарафиден (Құлшықтың 7-ші баласы) одан 1 қыз. Алматы қаласында тұрмыста, өзі 38 жасында дүние салды. Бұл Қабыланбай ұрпақтарының ішіндегі өте қабілетті, беделі күшті азамат болған еді. Басқару органдарында шаруашылық жұмыстарында абыройлы еңбек еткен кісі.

Құлшықтың бел балаларымен немерелерінің көпшілігі Ембі мұнай жүйесінде қызмет етті. Хамит, Шаймардандар кезінде Ленин орденімен наградталған адамдар. Бұлардың бәрі де дүниеден өтті. Атырау, Жылыой, Мақат аудандарының жерінде жерленген.

Мұса, Құлжанның бел балалары мұнайда жұмыс жасап зейнеткерлікке шығып дүниеден өтті.

Құлжан - атақты заңгер. Петербург университетін Керенскиймен бірге оқыған, «Алашорда» өкіметін құрушылардың бірі - Жанша Досмұхамбетовтың (Тана) қарындасы Шардаға үйленген.

Шоңқанай (Қабыланбайдың 2-ші ұлы) одан Сейіт (бәйбішеден) одан Қалмағамбет - 3 қыз, ұлы жоқ, Ескендір одан Нұрлан дүние салды. Одан 2 ұл, 3 қыз қалды. Үйлі - баранды. Идрис (Ыдырыс) - бұдан тұқым жоқ.

Екінші некесінен Ахмет одан Ізтілеу (Тыныштықбай) 2 қызы 5 ұлы бар. Барлығы да Батыс Қазақстан облысының Приуральный ауданында тұрады.

Бияттан Тельман, одан Қожан, оның 2 ұлы бар. Сол Приуральный ауданында. Төленгіт, Битөледен ұрпақ жоқ.

Үшінші некесінен Шопан, Қожан, Донай. Бұлардың ішінде Шопаннан Приуральныйда тұрады. 2 ұл, 5 қызы бар, олар өзімен бірге, қалғандары Алматыда, Құлсарыда тұрады.

Қонай мен Донайдан ұрпақ жоқ. Оның ішінде Донай үйленбеген аруақты, арқалы адам бөлулы, кәсібі пышақ жасау-

мен айналысады екен. Пышак жасап ағайындарына үлестіретін көрінеді, көңілінен шықпаған ағайындардан пышағын қайтып алып кетеді екен.

Балуахмет (Қабыланбайдың 3-ші баласы) одан Арыстанәлі, Құрманғазы, Оразәлі, Наурызәлі, Бекежан. Бұлардың бәрінен де ұрпақ жоқ. Содан кейін Жетібай деген баласы болған. Одан Тұрсынбай 1941 жылы соғысқа кетіп еді, содан оралмады. Одан Қожық, Серік, Мақан болды. Қожық қайтыс болды. Оның 2 ұлы бар Доссорда. Серіктің ұл-қыздары бар, Қосшағылда тұрады. Мақанның да Қосшағылда ұл-қыздары бар.

Жетібайдың екінші некесінен Ағыс, қазір зейнеткер, бір ұл, бір қызы бар. Қосшағылда тұрады. Жолдас жоғары білімді геолог, Доссорда тұрады. Одан 6 қызы бар, біреуінен баскасы тұрмыс құрған. Бір қызы Балғымбаев Нұрланның келіні, аты Жұмазия, қазір Атырауда тұрады.

Зейнолла Құлсарыда тұрады. Мұнайшы, 4 ұлы, 6 қызы бар, бәрі де шаңырақ көтерген.

Лайық жоғары білімді оқытушы, балалы-шағалы, Құлсарыда тұрады.

Қабыланбайдың кенжесі Лұқпан, одан Иманқұл (Ескенеде дүние салды) одан Жаймағамбет, Әнуарбек - соғыстан оралмады, Камал облыстық ішкі істер басқармасында бөлім бастығы, майор болды. Одан 3 ұл, 2 қыз қалды. Өзі 1966 жылы 42 жасында дүние салды. Ұлдарының үлкені Марат тәжірибелі механик, оның ұлы Рүстем облыстық қауіпсіздік комитетінде жұмыста. Қалған 4 ұл-қызы органда қызмет жасайды. Камалдан кейінгі Шабазгерей зейнеткер, Атырауда тұрды, бала-шағасы бар.

Куаныш (Лұқпанның 2-ші баласы) одан Айтмағамбет, Сәлімгерей, (одан Сайын - жоғары білімді дәрігер), (Сәкен-одан Сәден жоғары білімді ауылшаруашылығы маманы). Одан ұрпақтары Құлмағамбет, Айғанымнан ұрпақ жоқ. Есенкостын немерелері Атырауда.

Лұқпанның Жұбаныш, Иманғазы, Иманқожа деген ұлдарынан ұрпақ жоқ. Өздері Қызылқоға өңірінде қалды.

Кенжеғазы Лұқпанның кенже баласы. Оқыған, екі кластық мектепті бітірген. 1911 жылы Доссорға келіп ағылшындармен жұмыс жасаған. Өндіріс меңгерушісі тағы басқа жауапты жұмыста болған. 1938 жылы тұтқындалып «халық жауы» деп аталған. Оны соттағанда Ембі мұнай басқармасының бастығы Хангереевпен байланысты деп айыптаған. Хангереев те сол уақытта ұсталып атылған еді. Кенжеғазының сол 1938 жылы туған баласы Жолдыбай, оның апасы осы Атырауда тұрады.

Көпсек (Қалдыбайдың бір баласы) одан Ғабдолла, Байдолла, Құбаш. Ғабдолладан Шайдырахман, Құлдырахман, Бисенкұл, Тоғай. Бисенкұл Калмыковта тұрды. Құлдырахманнан Ержан - зейнеткер, баласы Құлсарыда. Құбаштан Төлеген, Жұмабай, Дәулет, Нұрым. Төлегеннің Рамазан деген баласы 1920 жылдары Тайсойғанда Кеңес өкіметі орнарда жаулардың қолынан қаза тапты.

Жұмабай Ұлы Отан соғысынан бұрын әскерге алынып оралмады, баласы Ғаббас Миялыда, зейнеткер. Дәулет қайтты. Нұрымнан ұрпақ жоқ.

Иманәлі (Қалдыбайдың бір баласы) одан Дүзім, Темірғазы, Жанұзақ, Балқы, Дәуғара, Дүйсенбай - одан Нұрқожа, Нұркей, бұлардың барлығы Теректі ауданында.

Қали (Қалдыбайдың баласы) одан Қалаулы, Басамбай, Яр. Ярдан Хасан, Әпетай бұлардың ұрпақтары Калмыков, Миялы жақта. Мұқан, Құлмағамбетінен ұрпақ жоқ.

Иманбай (Қалдыбайдың баласы) одан Бағытжан, Балусұлтан, Әміржан (бұлардың ұрпағы жоқ), Батырханнан Жұмабек, Өтеп (екі баласы да мұнайда), Мәлике одан Сағидолла, Төлеген - мұнайшы, Қарағай, одан Сүйінішәлі, Нұртаза, Қапыштан Нұрым, Жұмакұл, Ғаббас, Сүйінішәліден Есберген, Нұрғазыдан Тәжі. Қабыланбай турасында Беріштің атакты ақыны Ығылман Шөреков өзінің «Исатай-Махамбет» поэмасында былайша сипаттайды:

Қол бастаған Пұсырман қара қабылды,

Халқы әулие тұтыпты.

Атағы шыққан дабылды,
 Түсінде көріп айтқанын
 Өңдей болып табылды.
 Әжібай биден бата алған,
 Ізгі деген жақсы атак,
 Тірлікте оған тағылған.

Күдияр (Пұсырманның бір баласы) одан Мамашак, Шаншар, Шаншардың Байсақал, Ақсақал, Жансақал, Орындай деген балалары болды, бірақ олардан ұрпақ әзірше белгісіз.

Мамашақтан Бақабай, Ермек, Аманалық, Самалық, Амандық.

Бақабайдан Телібай, Кененбай, Кеншімбаи, Қайрамбай, Шонан. Телібайдан Беркімбаи, Дабыс, Мырзахмет, Кененбайдан Есенбай, Бисенбай, Тоқсанбай, Бөлекбай, Елемес. Есенбайдан Есмағамбет, Мұхат, Сұлтан. Есмағамбеттен 1-ші Жалғас-Талдықорған қаласында шеркеш Зиманов Салықтың (академик) жиені. 2-ші Дәулет, одан Мұрат, Мақсот. 3-ші Мейізғали, одан Тауман, Мырзаш байланыс бөлімінің бастығы болды. 1980 жылдары қайтты. 3 ұлы, қыздары бар. 4-ші Бақтығали, 5-ші Сактығали, 6-шы Орынғали, 7-ші Арсұлтан, 8-ші Жемісқали, 9-ші Мәлік, 10-шы Егізбай. Соңғы екеуі соғыстан оралмады. Сактығалидан Қабыл - Жангелдин совхозында. Жемісқалидан Жанқожа.

Кеншімбайдан Қалмағамбет, Айжан. Қалмағамбеттен Садық, одан тұқым жоқ.

Шонаннан Қази, үлкен бай болған, баласы Кәдір 40-шы жылдары Доссорда қайтыс болды.

Ермектен Кердері, Керейіт, Шархат, Келінберлі. Кердеріден Текебай, Басықара.

Текебайдан Байсеу, Бүркітәлі. Байсеуден Шайқы - Кермақас мектебін бітірген жасында қайтқан, Тәжімағамбет - жоғары білімді ұстаз, Гурьев педучилищесін ұйымдастырушыларының біреуі. Одан Шәида деген бір қыз бар. Өзі соғыстан оралмады, Баян, Аян, Әділ - бұл үшеуінің ұрпағы Ақтөбе облысының Ойыл ауданында, Сұлтан, Еділ - бұл екеуі Ұлы Отан соғысынан орал-

мады.

Бүркітәліден Жұмабай, Орынбасар, Жасар. Жұмабайдан Хайырзада-Доссорда. Соңғы екеуі соғыстан оралмады.

Басықарадан Отарғазы, одан Әтшібай, Қаржаубай одан Тыныштықбай, екеуі де соғыстан оралмады.

Керейттен Иса, Дүйсе, Шархат. Исадан Иманғазы, Серекеш. Иманғазыдан Дүйсенғали, Ізтілеу. Дүйсенғалидан Тілеміс, Тілекқабыл, Төлеп, Қайырбек. Тілемістен Сембек, Наурызбек, Кәмила, Жәмила, Римма, Анда. Тілекқабылдан Нұрлан, Назгүл, Нұргүл. Төлептен Ильяс. Қайырбектен Жасұлан, Әнуар, Айнагүл, олар Ақтау, Жана Өзен қалаларында.

Серекештен Есенғали, одан Сағызбай, Батырбай, Темірғали, Кәрім, Кәмал. Сағызбайдан Мұрат, Динара. Мұраттан Мәди. Батырбайдан Серік, Нәби, Нұрлан, Қайрат, Қанат, Зинет, Дархан. Серіктен Айдын, Қайырбек, Әділбек. Нәбиден (Ноян) Нұрым, Сырым, Ерлан, Ербол. Бұлар Индерде. Нұрланнан Дархан. Қанаттан Асылбек.

Дүйседен Табынбай, бұдан тұқым жоқ. Шархаттан Қалыбек, Берекет, одан Байғазы, одан Сағынғали, Қалыбектен Жантұрлы, Байғана, Жұмағали.

Келімбердіден Шақабай, Өтеген, Өтеулі. Соңғы екеуінен ұрпақ қалған жоқ. Шақабайдан Бекмағамбет, Бекбосын, Есмағамбет. Бекмағамбеттен Әбенғали, Әбілхайыр.

Құрастырған;

Өтеген Төлеуұлы.

Атырау қаласы;

20 маусым 2001 жыл.

Өтеген нағашымның бұл жазғандары кейінгі ұрпақтар үшін құнды мәлімет, мұрағаттық маңызы бар деректер болары анық.

Анам әбден шаршап күйзелгенде: «әй, балдарым-ай, менің айтқандарымды тыңдасаңдар, қор болмайсыңдар, мен тек өлетін

күнімді білмеймін, басқаның бәрі көкірегімде сайрап тұр», - дейтін. Қолы ашық адам еді. Қонақжайлығын былай қойғанда, өзінің киімдерін жаңа-ескісіне қарамай көңілі түскен адамға бере салушы еді. Мен институт бітіріп, қызмет жасап жүрген кезімде анама бір джерси пальто алып бергенмін. Сол пальтосын Манар атты немересінің енесі қонаққа келгенде сол құдағайының нығына жауып жіберіпті.

Әкеміз туралы ресми мәліметтерді біз көргеніміз жоқ және ауылдан (үйден) мектеп бітіргеннен кейін кетіп қалғандықтан ба, әлде әкеміздің үйде аз уақыт болғандығынан ба, әйтеуір білетініміз әкеміздің апасы Жұма, ағасы Айзақ, інісі Тәжік және ауылдағы Бозай Байбосынов деген жақын ағасы.

Әкем балықшы болған соң, жылына үш рет теңізге шығатын. Жазғытұрым уақытта, күзде сосын қыста ақанға. Тек қана жаз уақыттарында үйде ауларын жаңартып, малдарына қыстық пішен дайындайтын. Көп сөйлемейтін, байсалды адам еді. Балағат сөздерді қолданбайтын, ең ауыр сөздері «атаңа нәлет доңыз!» болатын. Жұмысына мұқият, шаруаға икемді болған болар, қатардағы балықшы болып жүріп 1954 жылы Мәскеуге Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты. 1956 жылы ауылдағылардың алды болып отырған үйімізді бұзып қайта салды. Үйде жылқыдан басқа малдың бәрі болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 1970 жылдардың басында қасына інісі Тәжік папаны отбасымен көшіріп алды. 1975 жылы ақпан айында ұзақ науқастан кейін дүние салды. Сонда жалғыз інісі Тәжік қасында болды.

Руымыз жағынан шежіреге сүйенсек Адайдың екінші баласы Келімбердінің алты баласының кенжесі Мұңалдан тараймыз. Одан Бәйімбет, Райымберді, Абыз, Жылтыр, Қызыл, Таңатар, Байзақ. Әкемнің әкесі Таңатар, оның әкесі Қызыл, оның әкесі Жылтыр жөнінде ешқандай мәлімет жоқ. Ал Абыз атамыздың ұрпақтарының тарихта елеулі із қалдырғанын Тілеген Есенжанұлы туралы ресми деректен білуге болады. Осында келтіріліп отырған «Милиция прапорщігінің хаты» мұрағаттық материал, басылым бетінде жарық көрген.

МИЛИЦИЯ ПРАПОРЩИГІНІҢ ӨТІНІШ ХАТЫ

Біз, оқырмандар назарына ұсынып отырған бұл құжаттардың жазылғанына енді аз уақыттан соң 90 жыл толады екен. Маңғыстау тарихына қатысы бар бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архивінің орталық қорынан алынып отыр. Хатта бұдан 100 жыл бұрын өмір сүрген ерекше мінезді адам бүгінгі ұрпаққа да түсінікті және жақын тілмен өз істері жайлы айтады. Сонымен бірге хатта кейбір тарихи мәліметтер де бар. Хат орфографиялық және стильдік өзгеріс енгізуді қажет етпегендіктен сол күйі беріліп отыр. Оқырмандарды мәселенің қалай шешілгенінен хабардар ету үшін бұл хатқа екі құжатты қоса тіркеп отырмыз.

«Жоғары мәртебелі мырза. Маңғышылақ уезінің бастығына. Маңғышылақ уезі Райымберді болысының бұрынғы басқарушысы. Милиция прапорщигі Тілеген Есенжановтан

ӨТІНІШ

Маңғышылақ Приставасы құрылмастан бұрын, яғни 1871 жылға дейін мен өзім 21 жыл қызмет еткен Гурьев уезінің Қаратау болыстығына басшылардың ұйғарымымен болыс болып тағайындалған едім. Сонан соң 1873 жылы отрядпен Хиуа жорығына аттанып, өміріме қатер төндірген әскери ерлік көрсетіп Хиуаны алғанша сонда болдым. Ерлігім үшін 2-ші дәрежелі жауынгерлік орденімен наградталдым. Маңғышылақ приставы құрылған 1874 жылдан бастап. Хиуа жорығынан оралысымен Райымберді болыстығына басқарушы (қазақша болыс) болып тағайындалып, 1906 жылға дейін сол қызметті атқардым. 1906 жылы жасымның ұлғайып, денсаулығымның кемуіне байланысты қызметтен босатуын өтінуге мәжбүр болдым.

1877 жылы мен өзім екінші рет ерлік көрсеткен және сол үшін

4-ші дәрежелі жауынгерлік орденмен наградталған Қызыл Арбат бекінісінің түбіндегі шайқасқа қатыстым. Сол кезден бастап қызметтен босағанымша мен өз болыстығымдағы жұмыстарды бар күшімді, білімімді сарқа жүріп, жанымды сала атқардым. Өз қызметімнің қандай дәрежеде болғанын айтып жатпай-ақ қояйын, оған басқалар баға бере жатар, тек жоғарыдағылардың осы күнге дейін менің қызметімді бағалай білгенін, екі жауынгерлік орден мен Хиуа жорығын еске салар күміс медальдарды есептемегеннің өзінде бір де бір тиісті наградадан құр қалмағанымды айтсам да жетер. Мен мынадай наградалар алдым:

1. Мойынға тағатын Александров лентасына қадалған «Адалдығы үшін» деген жазуы бар алтын медаль;
2. Станислав лентасына қадалған «Адалдығы үшін» деген жазуы бар алтын медаль;
3. 1889 жылы «Милиция юнкері» шенін алдым.
4. Сол жылы Ұлы мәртебеліден награда есебінде сыйлыққа баршадан? (қымбат тауар) халат кидім.
5. 1887 жылы «Орта Азияға жасаған жорығы үшін» деген жазуы бар күміс медаль алдым.
6. 1902 жылы үздік қызметім үшін юнкерліктен милиция прапорщиктігіне жоғарлатылдым.
7. 1903 жылы 1 сәуірде мен 3 дәрежелі қасиетті Станислав орденімен наградталдым.
8. Сол жылы мойынға тағатын Андреев лентасына қадалған «Адалдығы үшін» деген жазуы бар алтын медальмен наградталдым.

Жоғарыда аталған наградалар менің қызметімнің маман болмағандығын? көрсетсе сонша жыл қызмет еткенде бірде бір ескерту не сөгіс алмағандығым оны айғақтай түседі. Бұл наградалар менің басшыларға одан әрі адал қызмет етуіме, сөйтіп олардың сенімінен шығуыма құлшындырғаны соншалық, мен тіпті басшыларға сеніп өз семьямның болашағын, мен өлсем олардың күн көрісі қиындайтынын ескеремпін. Енді 80-ге аяқ

басқан шағымда үлкендікті мойындап қызметтен босану және пенсия алу жайлы арыздануға тура келді. Менің бұл тілегімнің біріншісі бірден орындалды да, екіншісі аяқсыз қалды. Мұны көріп мен сонша жылғы қызметімнің далада қалып, үмітімнің желге ұшқаны ма деп еріксіз ойға қалам. Осыны көріп отырған болыстар өз қызметінен қандай жақсылық көрем деп ойлайды?

Менің енді төрімнен көрім жақын. Семьяммен қоштасар күн де туар, бірақ олардың алдында арым таза. Мен тірі кезімдегі қызметімнің, үкіметке де, өз семьяма да өлген соң қажеті болмай қалады дегенге сенбеймін. Мен айтарлықтай ірі пенсия дәмеппеймін, бірақ басшылардың карамағындағы өзім қызмет еткен елден түсетін және солардың игілігіне жұмсалатын жер салығы қаржысынан үлес беруге болар еді. Тап қазір менің күн көрісіме жетерлік артық дүние мүлкім де жоқ, және семьямда жұмыс істейтін адам да жоқ. Қазірдің өзінде отбасы ашыға бастады. Айлыққа ғана қарап тірлік етіп отырған, бөлек тұратын үш баламды есептемесек, семьямда алды 10 жасар 7 баламмен екі әйелім бар.

Жоғары мәртебелім, осы жағдайларды айта келіп Сіздің жағдайымды терең түсінуіңізді және жоғарғы жақтағы басшылардың маған жергілікті дәрежедегі пенсия тағайындауын сұрауыңызды өтінемін. Бұл мәселе шешілсе, менің семьямның мүшелері маған да, менің қызметімді бағалаған үкіметке де риза болар еді.

4 сәуір 1909 жыл.

Құзырлы орындардың қатынас қағаздары

«1 мамыр, 1909 ж.

Закаспий облысы бастығының кеңесінен.

Маңғышылақ уезінің бастығына.

Тілеген Есенжановқа пенсия тағайындау жайлы Түркістан

генерал-губернаторына 1908 жылдың 21 қаңтарында және 5 маусымында (№№ 1057, 8479) ұсыныс жасалған, бірақ жауап әлі жоқ...».

«11 қыркүйек, 1909 ж.»

Маңғышылақ уезінің бастығы, подполковник Шелашниковтен. Райымберді болыстығының басқарушысына. Бұрынғы болыс, милиция прапорщигі Тілеген Есенжановқа Маңғышылақ уездік басқармасына келіп, осы жылдың 1 қаңтарынан 1 қыркүйегіне дейін өзіне тағайындалған пенсияның 200 сомын (жылына 300 сом) алуға болатындығын хабарлаңыз.

Құрастырушыдан:

Құжатты оқып отырып біз 1910 жылы 25 сомға (прапорщиктің) 1 айлық жалақысы) не сатып алуға болатынын есептедік. Есептеу үстінде архивтен бұдан 90 жыл бұрынғы тамақтың бағасын білдік. Сөйтсек, ол кезде 25 сомға бір-бір пұттан (16 кг) кой етін, ұн, шекер, картоп, бір шелек сүт, елу жұмыртка, 5 л. күнбағыс майы мен 2 фунт (1 фунт - 450 г.) сиыр майы мен 1 фунт шәй және 5 килограмнан күріш жармаларын алуға болады. Ал 1997 жылы жоғарыдағы аталған тамақтарды Ақтау қаласынан алу үшін 8 мың теңге төлеу керек екен...

А.Ф.Гаркуша

Облыстық мемлекеттік архивтің архившісі.

З. Ижанов

штаттан тыс архив қызметкері.

Соңғы жылдары (2009-2010) Өзен қаласында тұратын Абыз атаның ұрпақтары Жылтыр атаның жерленген жерін көргендерін айтты. Ол жер Маңғыстау түбегінде. Абыз атамыздан тарайтын Атырау, Маңғыстау өңіріндегі қазіргі

ұрпақтардың таралымын осы кітапқа енгізуді жөн көрдім. (қосымша 13 сурет).

Әкемнің апасы Жұма Беріш Бегіс Жанбосынов Нұғманға тұрмысқа шығып, одан бес қыз: Жеміс, Айсұлу, Қаратөре, Тыныштық, Болғаш және Зинеш деген бір ұл көрген. Жеміс апа 60-шы жылдардың аяғында дүниеден өтті, Айсұлу апа белгілі акын Хамит Ерғалиевтің інісі Жұматайдың жолдасы, Ақжар поселкесінде баласы Болаттың қолында тұрды. Сексен жастан асып, 2005 жылы қайтыс болды. Қаратөре апам, Кәрім жездем дүниеден 90-шы жылдардың аяғында өтті. Қыздары: Би-камал Атырауда, Гүлмира Ақтауда тұрады. Баласы Абай апа-жездеменің шаңырағын ұстап отыр. Тыныштық апам 1953 жылы Түркіменияның бір адай жігітіне тұрмысқа шығып, алғашында Кушка қаласында, сосын Алматы маңындағы Ұзынағаш темір жол бекетінде тұрғанда қайтыс болды. Болғаш апам үйлі-баранды Ақжар поселкесінде өмір сүріп жатыр. Жақында 15-ші қазанда 2005 жылдың, бір жағынан ағамыз, бір жағынан жездеміз Лұқпан Қаржаубаевтың 40 күндік қадесін өткізді.

Мен жиендерге тоқталып отырғанымның себебі, біздер ес білгелі менің әке-шешеммен араласқан осы жиендер болатын. 1960 жылы мектепті бітіріп қайда оқуға баратынымды шеше алмай жүргенімде, Зинеш келіп мені өзінің жұмыс жасап жүрген Байшонас мұнай өндіру басқармасының Қарсақ деген өндірісіне жұмысқа орналастырды. Содан табандай екі жыл апамның үйінде жатып мұнай және бұрғылау қондырғыларының жөндеушісі болып қызмет жасадым. Менің алғашқы өндірістегі мектебімнің бастаушысы жиен Зинеш болды. Зинеш білгір маман, ұйымдастырушы, сол кезеңнің белді қызметкері еді. Өзі апама тартқан дүр кара, ірі денелі болатын. «Нән бала» деген аты содан қалған. Одан тараған бір ұл, төрт қыз. Шаңырағын бүгінде ұлы Серік ұстап отыр.

Әкемнің інісі Тәжік бар саналы ғұмырын зейнеткерлікке жеткенше бұрғылау мекемелерінде бұрғышы болып өткізген. Ембі өңіріндегі бірнеше мұнай кен орындарын ашуға қосқан

еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және басқада медальдармен марапатталған. Талқайраң-2 деп аталатын елді мекеннің бір көшесі бүгінде Тәжік папаның атымен аталады. Ұрпақтары Қамидолла, Жолдасқали, қыздары Кеңес, Күнзира, Нұрзила және Жәмиға. Шаңырақта қалған Жолдасқали. 1960-1962 жылдары Қарсақ өндірісінің түбінде кішігірім поселка болды. Қарсақ кеналаңының ашылып, мұнайды көбейтуге қыруар шаруа жасалып жатқан уақыт. Байшонас мұнай өндіру басқармасының ішінде мен орналасқан бұрғылау цехы, мұнай өндіру цехы, күрделі жөндеу мұнара монтаждау цехтары болды. Зинеш мұнара монтаждау цехының прорабы (жұмыс басқарушысы) болды. Кейіннен мұнара монтаждау кенесінің бастығының орынбасары болып қызмет атқарды.

Қарсақта бірнеше жатақхана, клуб, асханалар болды. Сол мекенге жазда студенттер толып кететін. Нағыз интернационалдық поселка болатын, неміс, болгар, украин, казактар бәрі бірге қызметтес, бірінен бірі қыз алып, келін алып араласқан, құдандалы болғандар Байшонас, Доссор кенттерінде көп тараған еді. Немістер, болгарлар қазақша, казактар немісше, орысша сөйлеп араласа беретін. Өзімнің бірінші еңбектегі ұстазым Григорий Отто Шпинглер деген азамат болғанын айтып өттім. 1960-1962 жылдары сол бір ұлағатты азаматтар, білгір мамандар, адал қызметкерлермен бірге болғанымды мақтан тұтамын.

Ағам Сағидолла (біз тәте дейтінбіз) 1931 жылы туылған. 1940-шы жылдардың аяғында Гурьевтегі «ремесленное» училищесін бітіріп, мұнай өндірісінде еңбек жолын бастаған. 1952 жылы армия қатарына алынып, Чита қаласында 4 жыл әскери қызметте болып, 1956 жылы ауылға қайтып оралды. Сол жылы 18 жасар Нұрзила Қапашқызына үйленіп, өмірге екі қыз, төрт ұл әкелді.

Мен ол жылы 6-шы класқа барғанмын. Жеңемізді бірден апа деп кеттік, неге екенін білмеймін. Жеңеше, жеңге деп айтсам қашықтап кететін сияқты болды. Сірә, өзімнің бірге туған апам болмағандықтан болар. Ол кісі 1974 жылы кенеттен қайтыс

болған кездегі менің жанымның күйзелісін айтып жеткізу мүмкін емес. Одан кейін әкем, ағайым, шешем дүниеден өткенде де ондай күйзеліске түспеппін. Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді деген сөздің мағынасын сонда ұққандай болдым. 1957 жылы Талқайраң ауылының қасына әскерилер келіп орналасты. Ағай (тәте) сонда біраз уақыт қызметте болды. Сол жылдары тәтем қатарлы азаматтар ауылда көптеп саналатын. Солардың ішінде тәтемнің орны бөлектеу еді. Өзі тек автокөлік жүргізушісі болса да, совхоздың да, үйдің де шаруасын тындырып жүретін. Және салқамдығы да болды. Ол кезеңде ішімдіксіз дастархан жайылмайтын, ия болмаса қандай да болмасын кездесулер өтпейтін. Ол жағын Сакең де жіберген жоқ. 1974 жылы Нұрзила жеңгем дүниеден өткен кезде ағам қатты күйзелді. Сырт көзге мінезі қатты көрінгенімен, ішкі дүниесі тас-талқан болғанын, жеке қалғанда өксіп жылап жатқанын көргеннен соң айтып отырмын. Ағамның жан дүниесінің ішкі сырын ұғатын ақын ағамыз Сәлімгерей Шобақов Сәкеннің соңғы сапарға шығаруға арналған қаралы жиынында сөйлеген сөзінен байқауға болар деп, төменде сол арнаудың түпнұсқасын беріп отырмын.

Айзақұлы, Байзақ баласы

Сагидоллага

Қария қалмай, ағалар да селдіреп,
Шеше, жеңге бір тартары желбіреп.
Әзілдесер құрдастар да азайып,
Өлім дейтін сүйреп жатыр безбүйрек.

Қайран дүние-ай, ешкімге опа қылмаған,
Бұл жалғанға неге келеді бұл адам?
Жылап келіп, жылап кетер болған соң,
Тумай-ақ та қойған жөн-ау Анадан.

Жалғанның байқағанға баяны жоқ,
Сенімді сүйенерлік таяуы жоқ.
Кездессе бір адамға ажал оғы,
Жас қой деп, жалғыз ғой деп аяры жоқ.
Тағдырдан еш нәрсе де тыс қалмайды,
Әуелде жазу солай, амалы жоқ.

Сол тағдырдың қаралы қармағы, ажалдың салар салмағы, бүгін Байзақ шаңырағына ауыр қайғының жүгі түсті. Қандай ауыр болса да тірі пенде шыдайды, шыдамасқа амалы да жоқ. Базына айтып шағынатын Құдай ешкімнің туысы, ағайыны, дастархандас досы емес. Тағдырдың тамағы кең, шамшыл да шайпау. Ерегестірсең бір жылауыңды бір жылауға қосармын дейді екен. Сондықтан Сағидолланың тума-туыстары, ағайындары, іні, қарындас, жан-жары, балалары-келіндері, нағашы, жиен, құда-құдағилары, Сіздерге ауыл қарттары атынан қайғыға ортақтастығымызды айта отырып, адал көңілімізді білдіре тұрып, сабырлыққа, ұстамдылыққа шақырамыз. Пенде атаулының бәрі жердің сәбиі. Тірі жүргенде алақанына салады, өлсең қойнына алып тербетеді.

Жаназаға жиналған осы нөпір халық, бірі тірі арқылы өліні сыйлап, бірі өлі арқылы тіріні сыйлап, ойдан-қырдан жапырылып келіп, қайғына ортактасып жатса, бұл кам көңілге дәрі деп түсінейік, Ағайын! Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінде:

Өлмей тұрып білгейсің, тіршіліктің қадірін,

Ауырмай тұрып білгейсің, денсаулықтың қадірін.

Іс түспей тұрып білгейсің, бостандықтың қадірін,

Кедейлік келмей білгейсің, барлығыңның қадірін.

Кәрілік келмей білгейсің, жастығыңның қадірін, - деген екен. Айтса айтқандай, осы жалған фәниде жастықтың жалауындай желбіреп жүріп, күнделікті күйкі күйбеңмен денсаулықтың қадірін білмей, өкінішке ұшырап қаларымыз да кездесіп жүрген жай.

Бүгін міне, осы денсаулықтың құрбаны болып, арамыздан Айзақұлы, Байзақ баласы Сағидолланы мәңгілік дүниеге аттандырғалы тұрмыз.

Жаркылдаған қылыштай едің наркескен,
Мойымайтын қара нар едің саз кешкен.
Тағдырдың кейде талқысына түсіп жатсаң да,
Түспеген еңсең, айдарынан жел ескен.

Сарбазым едің, сабазым едің тайсалмас,
Уәдеден, бағыттан алған қайта алмас.
Бұ дүниені шайқамай кеткен момын деп,
Ешкім де сені айта алмас.

Тірлікте мынау бағасы болмас жақсының,
Дүние қоңыз тырнақтап жиған алтының.
Қуатты жандар, өнері барлар өрлесе,
Аяқтан шалып, қыспаққа алар алқымың.
Еркелікті еліміз түгел көтермес,

Қызғаншақ, күншіл ішінде бар ғой халқымның.
Дүние деген көшкен бұлт екен, ескен жел,
Өтті ғой талай тобықтан теңіз кешкендер.
Пенделікпенен әртүрлі пиғыл кешсек те,
Сәлемге тұрмас, ұмытып соны кетпендер!

Қош енді, аяулы інім Сағидолла, бастасын Құдай өзі жақсы жолға, алдыңнан жарылқасын иман беріп, осыдан басқа не бар біздің қолда?

Ағасы Сәлімгерей

Інім Жолдас 1948 жылы туылған. Бөліп жарып айтатындай ештеңе жоқ. 1973 жылы үйленді, жеті бала: үш ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Біз есейген соң білгеніміз Жолдас

жиен апамыз Жеміске берген бала. Сәби күнінде Жеміс апаның тәрбиесінде, сосын Ескенеде Жұма апаның үйінде болған болуы керек. Себебі, 1953 жылы қарындасым Қымбат дүниеге келгенде үйде балалардан менен басқа ешкім болған жоқ. Яғни, мектепке баратын жасқа дейін Жолдас жиен апалардың тәрбиесінде ерке болып өскендіктен бе, сол қалыптасқан мінезі осы күнге дейін түк өзгермеген сияқты. Ол 10 жылдық мектепті де жиен апай Айсұлудың үйінде жатып Байшонастан бітірді. Әскерге барып келгеннен кейін, ауылдың қасында сол уақытта жаңадан ашылып жатқан құс фабрикасына жұмысқа орналасты. Бұл құс фабрикасы Теңдік совхозының орталығына жақын орналасқан, сол аумақтағы бірден бір өндіріс орны болды. Әрине мектеп бітірген жастар көбіне сол мекемеге жұмысқа орналасып жатты. Күні бүгін бұрынғы Ленинградский поселкесі, қазіргі Ақсай ауыл кеңесі құс фабрикасының қызметкерлеріне әдейі салынған мекен-жай еді. Құс фабрикасы құрып кетсе де, бірнеше мың адамның тұрғыны болып келеді. Жолдас бүгін де Ақсай поселкесінің байырғы тұрғындарының бірі.

Қарындасым Қымбат 1953 жылы наурыз айында дүниеге келді. Әке-шешемнің кенжесі үш ағаның артында өскен жалғыз қарындас, он жылдық мектепті Теңдіктен бітірді де өзімен бірге мектепте оқыған Жангереев Әміреге тұрмысқа шығып кетті. Қазір бес ұлдың анасы. Бірнеше немерелі, құда-құдағайлы, шүкіршілікте өмір сүріп жатқан жәйі бар.

2003-2006 жылдар

КЕЗДЕЙСОҚ ЖӘЙТТЕР

Мен бұдан бұрынырақ келтіргенімдей анамның айтуы бойынша, кішкентай күнімде өте елгезек, «қоян аяғын жеген» тыным таппайтын бала болыппын. «Соның салдарынан қазандықта пісіп жатқан сүтті қараймын деп, сол жақ қарыңды күйдірдің, ағаларыңның арбаға құм тиіп жатқанын қызықтаймын деп, шұңқырға түсіп, иілгенде жиен ағаң Зейнештің күрегінің ұшы мұрнының бір жағын кесіп салбыратып жіберген», - дейді. Бұл екі оқиға есімде жоқ. Ал, Жайыққа кетіп қала жаздағанымнан бастап (ол уақытта 4-5 жастың шамасындамын), есімде қалған оқыс жәйттер мыналар:

6-8 жастың аралығында Әлмұхан папаның бәйгеге шабатын аттарын Жайыққа суаруға мініп барған, ия болмаса колхоздың мал қорасынан аттарды алып келіп жүрген кездерімде, асау жылқылар мені баласынып талай рет үстерінен лақтырып кете баратын. Онда еш жарақат болмайды, басым салбырап үйге қайтатынымын.

Он жасымда қабаған иттерді қуып жүргенде, біреуі балтырымнан оқсатып тістеп алды. Әйтеуір, ол ит құтырма аурудан аман болып, мен де аман қалдым.

1956 жылы 12 жасымда күзде сүзек деген аурумен ауырып, ай жарым уақыттың ішінде жүдеп, құр сұлдерім қалды. Әлсізденгенім соншалық, кластас қыздар итеріп қалса қаңбақтай ұшатынымын.

1959 жылы Еркінқала орта мектебінің тоғызыншы класын бітіріп, Дамбы селосында тұратын Қалампыр апамның ауылына бара жатқанымызда, Рысәлиев Жаубасар екеуміз Жайықтың Еркінқала жанымен өтетін арнасынан қайықпен өтіп, жаяу карт Жайыққа қарай беттегенде, жыландардың ұйығына кездестік. Балалық шалдуарлықпен аяғымның астындағы кішкентай жыланды басынан жаншымын дегенде жаңылысып, құйрығынан басып қалып, жыпан аяғымды шағып алды. Одан Жайықтан өтуге қайық шақырып, екінші жағаға жеткенше ісік кеулеп сирағымды

бастыртпай, Жаубасар көтеріп апамның үйіне апарды. Жиен Әуелбай велосипедпен ауылдың дәрігеріне апарып, әдейі бір уколдар салдырып үйге жіберді. Сонда дәрігер кетерде «арак ішесің бе?» деп сұрады. «Үйге барған соң жезден Қатабайға айт, бір шөлмек «жартылық» ақ арақ алсын, соның 200 граммын өзін іш!» деді. Сол бірінші рет 200 грамм арақты ішкенімнен кейін, мас болып ұйықтап қалыппын. Тұрсам апам үстіме көп көрпе жауып үшкіріп жүр екен. Әйтеуір, дәрінің күшімен, арақтың аркасында жыланның уы тізеден жоғары аспапты. Одан екі аптаның ішінде айығып кеттім.

1971 жылы 27 жасымда Грозный қаласындағы мұнай институтын бітіріп жатқанымда, жатақхананың 3-ші қатарынан құлап, миым қатты шайқалып, басымдағы қаным жұлыныма кетіп, қолым сынып, бір өлімнен қалдым. Аллаға шүкір, одан құлантаза болып екі-үш жылдан кейін айығып кеттім.

1986 жылы 42 жасымда Теңіздегі №37-ші скважинаның өртінен сөндіруге бір апта қалғанда, мінген көлігім аударылып тағы бір өлімнен аман қалдым. Ол уақытта Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының бастығы болып жасағаным бір жылдай болған еді. Осы көлік апатынан алған зақымым менің өміріме үлкен өзгеріс енгізді. Бір жылдай бұрынғы жұмыста жүргенімнен көп уақытымды ауруханада өткізуге тура келді. Ақыр соңында Мәскеудегі Мечников атындағы бірінші медициналық институттың «вегетативная паталогия» деген бөлімшесіне барып тексеруден өткенде, маған бір-екі, немесе үш жылға дейін жеңілдеу, миға, денеге көп ауыртпалық түсірмейтін қызметке ауысу керек деген қорытынды шығарды.

Содан 1993 жылға дейін үлкен басшылық қызметті қойып, Балықшы барлау-бұрғылау басқармасында техникалық, технологиялық бөлімдердің бастығы болып қызмет атқардым. Кейін «Ембімұнай» бірлестігіне бөлім бастығы болып қайтадан тағайындалдым. (Бірінші рет бұл қызметке 1983 жылы тағайындалған едім). Осы күні ойлаймын, егер де 1986 жылы (сол

көлік апатына) тауқыметке тап болмасам, қазіргі уақытта қайда жүреді екенмін деп?!

Тағы бір есте қалған елеулі жағдай 1971 жылғы басымның жарақатының әсерінен жиі ауырып, «гайморит» деген бір пәле пайда болып, «Камышитовый» кенорнында бұрғылау учаскесінің (аудандық инженерлік технология қызметі) бастығы болып жүрген жерімнен Гурьев политехникалық техникумы директорының орынбасарлығына ауыстым. Ол уақытта техникум ескі орнында қаланың қақ ортасында болатын, осы күнгі «Күзет» атты полицияның (бұрынғы милиция) бір бөлімінің орнында. Жұмыс жаман болған жоқ. Бөлек кабинет, телефон, астымда машина. Тұратын жерім техникумнан жиырма метрдей. Жұмысым оқушылардың теориялық білімін, өндірісте жалғастыру болды. Ол үшін облыстағы өндіріс мекемелерімен тұрақты шартқа отыру, практикаға барған оқушыларға ақылы қызмет орындарын ұсыну, немесе курстық, дипломдық жұмыстарына керек материалдарды жинау сияқты жұмыстарды ұйымдастыру менің мойнымда. Сонымен қатар, «Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау» пәнінен дәріс бердім, жылына 480 сағат, одан артық болмайтын. Жалақым 280 сом. Ол кезде орташа жалақыны 60-70 екенін ескерсек, ол едәуір жалақы болатын. Политехникалық техникумда тек қана 1 жыл жасадым да, Балықшы барлау-бұрғылау басқармасына өз орныма аға инженер болып қайтадан бардым.

Неге осылай болды? Себебі, ол оқу орнындағы кейбір менің өмірде қалыптасқан көзқарасымнан жат көріністерді байқадым. Жетпісінші жылдардың аяғында сексенінші жылдардың басында Гурьев политехникалық техникумының бастықтары, мұғалімдері бар бірнеше адам мемлекеттік сынақта пара алғандары, диплом сатқандары үшін сотталып кетті. Егерде мен онда жұмыста қалсам, солардың біреуі болмасыма кім кепіл?

Жалпы өмірден сүрінбей өтпеген адам болмас деп ойлаймын, бірақ менің бір басымда соншама кездейсоқтардың болуы тегін емес қой деймін. Оның себебі менің жаратылысымда әуелден

қиындықтар болуы керек екен және азғантай өмірдің жетістіктері зор күшпен келуі керек екен. Оны бір көріпкел тікелей айтты және менің баламның жолы да менікіндей ауыр болады деді.

Сен-сенбе, қазіргі кезде баламның жолында да қиғаш та қиылысқан жолдар, үлкен сынақтар кездесуде, тек Алладан тілейтінім баламның өміріне зиян келетіндей кездейсоқтыққа тап қылмасын, ал кішігірім қиыншылықтарды талабына қарай, өзінің ізденісімен, жігерімен жеңіп, тағдырдың даналық сабақтарын алып басынан өткізер деп ойлаймын.

2003 жыл.

естеліктер

КЕНЖЕШ АҒА ТУРАЛЫ

Мен ес білгелі Кенжеш ағаны білем десем артық айтқандық болмас. Себебі, біздің ауылда үйлеріміз арасында үй болған жоқ. Кенжеш ағаның апасы Науша менің кіндік шешем болатын. Апасы Мейіз, ағасы Қапен мені апаларының кіндік баласы болғандықтан ба, әлде құдайы көршінің баласы ретінде ме, бізді қатты қамқорлайтын. Анамыз жолаушылап кеткенде, сол үйге қалдырып кететін. Яғни, айтқанда біз қай уақытта болмасын ол үйге емін-еркін кіріп-шыға алатын едік.

Кенжеш ағаның ағасы Қапен қыстың ұзақ кештерінде маған арифметикадан берген тапсырмаларды орындататын. Және бірнеше жұмбақ есептерді қалай шешу керек екенін үйретіп отыратын. Денсаулығының нашарлығына байланысты Теңізге, ия болмаса шөп шабуға далаға шыкпайтын. Ауылда бір дүкен болды, соның жалғыз қарауылшысы сол кісі болатын. Сондықтан Қапекенмен күнде жүздесетінбіз. Кенжеш ағайдың математикаға жүйріктігі тұқымдарына біткен қасиет қой деп есептеймін. Ол кісі неге филиологияның маманы болғандығын, мен осы күнге дейін білмеймін? Мүмкін, достарының естеліктерінде анық-қанығына көзімді жеткізермін.

Кенжеш ағаның қатарлас құрдастары көп болды. Қабыл, Қитар, Максот, Мырзағали тағы басқалары, солардың ішінде мен есейіп, институтта оқып жүргенде де, одан кейін қызмет жасап жүргенде де, тек Кенжеш ағамен байланысым үзілген жоқ. Оқудан қаникулға келген уақыттарда да әр уақыт сәлем беруге кіріп шығатын үйдің біреуі болатын. Білмеймін, менің ата-анамның тәртібі ме, әлде Талғайраңдағы қалыптасқан әдет пе, әйтеуір ауылдан жырақ жүріп оқыған кездерімде не болмаса әскер қатарынан қайтқан уақыттарымда әке-шешем әрдайым ауылдағы қарттарға, әкемнің достарына, жасы үлкен ағаларға «барып сәлем

бер», - деп келген күннің ертеңіне ауыл аралатып жіберетін.

Кенжеш ағаның үйіне келгенде міндетті түрде шәйға отырып, біз әңгіме-дүкен құратынбыз. Бүгінде ойлаймын өте мейірімді қарапайым жан еді, ағай ауылдағы мектептің белді оқытушысы, әлде ол уақытта оқу ісінің орынбасары ма есімде жоқ, мен болсам Грозный мұнай институтының студентімін, жасымыздың ара қашықтығы едәуір, мен бойдақ, ол үйлі-баранды, сонда да ортақ әңгімелер таусылмайтын. Ағайдың үйленген, әскер кеткен, әскерден қысқа мерзімді демалысқа келген уақыттары әлі есімде. Себебі, келген-кеткен азаматтарға аз-мұз болса да жиын-кеш жасалып, үлкен дастархан жайылады. Тойдың дастарханы мол болады, балаларға үлкен мейрам, тәтті кәмпит, печеньемен дәм татып қалатынбыз.

Ағайдың әңгімесі қызық, өте тартымды сол уақыттағы, ия болмаса өтіп кеткен оқиғалар жөнінде сөйлегенде, тек тыңдап отыра бергің келетін. Қай ортаның болмасын көркін келтіретін азамат еді. Оқу бітіріп, жұмыс жасап жүргенде ауылдың жігіттері Кенжеш ағайға сәлем беріп келеміз деп жиналып жатқанда үстерінен түсіп, Алмалы селосына барғандағы ағайдың бір әңгімесі есіме оралды. Онда ол кісі мектеп директоры. Әңгіме мектеп оқушыларының жүріс-тұрысы, сабаққа қатысуы, жалпы сол замандағы оқушылардың сана-сезімінің қалыптасуы жөнінде болды. Халықтың әл-ауқаты жақсарып, кейбір отбасылары егін шаруашылығының арқасында біркелкі қаражат жинап, кейбіреулерінің Жайықтың қызыл балығының арқасында тұрмыстары оңалып, көтерілген уақыт болатын.

«Бұл нарық экономикасының жаңадан қалыптасып жатқан уақытында оқушылардың рухани дүниесін жетілдіруге, тек мектептің тәрбиесі жеткіліксіз оған әрбір ата-ана ат салысса ғана жүзеге асыруға болады, яғни ол үшін отбасы тәрбиесі жоғары деңгейде болуы керек» деп айтқаны есімде.

Ағай әзілқой, әңгімешіл, дер кезінде орнықты сөздері әзір болатын. Бірде мен 1990 жылдары бір жеңіл машина «Жигули» ал-

дым. Ол уақытта мен үшін бұл үлкен жетістік. Жетістік емей немене ол машинаны сол уақыттағы облыстық партия комитетінің бірінші секретары Алдамжаровтың нұсқауымен «Ембімұнайгаз» бірлестігіне Байзақовқа бір «жигули» берілсін дегеннен кейін алған көлік еді. Әдет бойынша «жуу» бар. Бірде Кенжекендерді тағы басқа жолдастарыммен үйге шақырдым. Өзім үйге әбден қонақтар жиналып болғаннан кейін келіппін. Жұбайым Қаламқас кейіп, ағайға шағым айтып жатыр, «қыдырысы көбейді, үйде көп болмайды т.с.с.». Қонақтардан кейін келгенім әрине, үйлесіңкіремей тұр, сонда ағай: «Ай, айнама, аттың желі болады. Ол отырғызбайды ғой,» - деп отырғандарды бір күлдіріп алды. Одан кейін әңгіме басқа желіге ауысып кетті.

Ағай өзі көп балалы жанұядан болғандықтан, өмір бойы ағайындарының, солардың бала-шағаларының шаруаларын шаруалап кететін адам еді. Өмірінің соңғы кездерінде, үйде отырып қалған күндерінде, сәлемдесуге барғанымда айтқан бір әңгімесі есімде қалыпты. «Төлен, ағайыныңды, туысқаныңды жеткізем деп жүріп өзіннің денсаулығыңды кемітіп алма. Көріп тұрсың ғой менің қандай күйде жатқанымды, дер кезінде дұрыстап емделуге ана шаруа, мына шаруа деп жүріп ауруымды асқындырып алып-пын. Қазекемнің бойындағы, бір жағынан жақсы қасиет жақынға, туысқанға барынша көмектесу, екінші жағынан бұл жағымсыз қасиет. Себебі, неғұрлым камқорлық көп болса, соғұрлым адамдар болғанның үстіне бола берсін, - дейді де өзіндік талабы кеми береді. «Ал құдай, аузыма сал құдай!» деп жата береді. Сенің де айналаңда кімдер бар екені маған белгілі, сондықтан осы сөздерімнен қорытынды шығарарсың!» деп сөзін аяқтаған.

Өзінің кең пейілімен, адал жүрегімен, ақ жарқын мінезімен мәңгілік есімде және өміріме үлгі болған, пір тұтатын Кенжеш ағай туралы аз-мұз естелігімді Ақдәрай апама, балаларына арнаймын.

АҒА БҰРҒЫШЫ ҚАМЗА ҚУАНТЫРУЛЫ

Қамза Қуантырұлын алғашқы рет 1971 жылдың қазан айында Прорва бұрғылау кеңсесінің директоры марқұм Мүтиғолла Маташевтің қабылдау бөлмесінде көрдім. Мен Грозный мұнай институтын бітіріп жолдамамен «Ембімұнай» бірлестігіне келдім. Марқұм Шилимов Евгений Лаврентьевич бұрғылау өндірістік бөлімінің бастығы менің дипломымды, ішіндегі зачетный кітапшаның көшірмесін карап: «Сен бұрғышы емессің, сенің мамандығың «Разработка и комплексная механизация месторождения нефти и газа» деп бұрғылау кеңсесіне жібергісі келмеді. Мен оған: «ия менің мамандығым осы, бұнының ішіне тек қана разработка емес бұрғылау да кіреді дедім. Бізді оқытқанда кен алаңдарын бұрғылау мен пайдалану қатар жүрді. Бір жыл өндірістік практиканы Өзеннің екінші промыслында өттім, екінші жылы Узеньский УБР-да бұрғылаудан өттім, курсовой қызметтерімді екеуінен де қорғадым. Ал диплом қызметімді жұмысымды бұрғылаудан қорғадым» деп қағаздарымды көрсетіп едім, маған Прорва бұрғылау кеңсесіне жолдама берді. Жалпы жолдамамен келген жас мамандар тамызда жұмысқа шығуға тиісті. Мен кейбір жағдайлармен қазан айының басында Сарықамысқа Прорва бұрғылау кеңсесіне жеттім. Бастықтың бөлмесінде өзінен басқа тағы бір адам отырды. Сол адам осы бүгін жасы сексенге келіп жатқан Қамза Қуантыров екен.

Мен неге жұмысқа кешіккенімді айттым, қолымды көрсеттім. Бір қолым білектен бастап шынтаққа дейін гипсте болатын. Маған: «шыға тұр, кадрдың бастығына барасын» деді. Содан мені бұрғышының көмекшісі ретінде қызметке қабылдап, Доссордағы жаңадан құрастырылып жатқан БУ-125 БД деген су жаңа жартылай механикаландырылған бұрғылау қондырғысына жіберетін болыпты. Бірақ менің қолымның ауыр зат көтеруге жарамайтындығын ескеріп атышулы, озат бұрғышы, шебер Тухватуллин Ильяға көмекші болатынымды айтты. Бұл шешім кеңсенің бас инженері

Қамза Қуантыровтың айтуымен болған екен. Мен жас маманмын, ал жас маманның болашағын қадағалайтын бас инженер.

Сонымен сол жылы Грозныйдан менімен бірге «механический факультет» бітірген досым Бітімғали Сапидұлы Ескожиев келген. Оны менен бұрын Доссорға жіберген екен. Сөйтіп мен өзімнің алғашқы мектебіме айналған нөмірі 708-інші ұнғыға тап болдым. Сондықтан бас инженер Қамзекеңді, жас маман Байзақов Төленнің алғашқы қадамдарына тікелей қатысқан адам ретінде, маман ретінде, іскер ұйымдастырушы ретінде қатты сыйлаймын, реті келсе өзі тиісіп жатса әзілдеріне жауап та қайтарамын. Сексеннің сенгіріне шығып жатқан ағамызға денсаулығы мұқалмай, бала-шағасына масыл болмай, біз сияқты артынан еріп келе жатқан жеткіншектерінің алдында бір Қамзекең болып жүре беруіне тілектеспін!

Ал енді жұмыс бабында Қамзекең Прорва бұрғылау кеңсесінің, сосын Балықшы барлау бұрғылау басқармасының - ББББ (орысша Балыкшинское управление разведочного бурения - БУРБ) бас инженері болып тұрғанда 1971 жылдың аяғында және 1972 жылы мен бұрғышының көмекшісінен бұрғылау шебері, сосын ББББ-ның өндірістік-техникалық бөлімінің аға инженер-технологы болып жасадым. 1972 жылдың күзінде Махамбетов Екібай Жәрдемұлы бас инженер болып тағайындалды да, Қамзекең орталық инженерлік-технология қызметінің (орысша Центральная инженерно-технологическая служба - ЦИТС) бастығы болып бекітілді.

Жаңадан құрылған Балықшы барлау бұрғылау басқармасының алдында ұшан-теңіз міндеттемелер, ұлан-асыр мақсаттар тұрды. Керек десеңіз мұнай өндірісінің қара шаңырағы Ембінің барлық болашағын анықтайтын қыруар қызметтер жүктелген еді. Ал орталық инженерлік-технология қызметі басқарманың бүкіл өндірісін басқаратын болғандықтан Қамзекеңе үлкен сенім артылған еді. Сол сенімді Қамзекең абыроймен атқарды.

ББББ-да 1972 жылдан 1977 жылға дейін бұрғылау

бригадаларының саны 10-нан 17, 18-ге дейін көбейді. Жұмыс аумағы Ақтөбенің Кенкияғында, Маңғыстауда және Гурьев облыстарының аумағында жүріп жатты. Өте бір бұрғылау, барлаудың дамыған уақыттары еді. Бір ғана мысал келтіре кетейін, 1971 жылы пайдалану және барлау қазбалары тиісінше 14,3 - 16,2 мың метр болса, 1977 жылы олар тиісінше 70,0 - 50,0 мың метр болды.

Жоғарыда көрсетілгендей бұрғылау қондырғыларының саны 20-ға таяп қалды. Осындай қауырт, қиын жағдайларда, жердің шалғайлығына, тас жолдардың жоқтығына, қамтамасыз етудің жеткіліксіздігіне қарамай өндіріс көрсеткіштері жылдан-жылға еселеніп жатты. Бұл Қамзекеңнің тікелей қатысуымен болған десек артық айтқандық болмас.

1972 жылы күзге таман нөмірі 1-ші Сағыз іздеу ұнғымасында 2000 м тереңдікке 245 мм обсадной колоннасын жіберуге әзірлік үлкен ұйымдастырушылықпен жүріп жатты. Бірлестіктің бастығы Бөлекбай Сағынғалиев өзі бастап бір топ әр саланың басшыларын алып колоннаны шегендеуге қатысатыны белгілі болды. Колоннаны жіберу және шегендеу - басқарманың (ББББ) атынан өндірістік техникалық бөлімінің (ӨТБ) бастығы Махамбетов Екібай Жәрдемұлына жүктелген. «Уралмаш-3Д» бұрғылау қондырғысының лебедкасы істен шығып, бастап кеткен колонна жіберуді тракторлардың көмегімен 10-12 сағаттық қызмет 2-3 тәулікке созылды. Қамзекең бас инженер колоннаны шегендеуге қатысу керек. Мен өндірістік техникалық бөлімінің аға инженерімін. Қамзекең шақырып алып маған бухгалтериядан 500 сомды подотчётка ал деп тапсырма берді. Мен алдым. Сосын «Москвич» машинамен басқарманың бастығы марқұм Мутиголла Маташев машинаның алдында, артқы отырғышта Қамза Қуантыровпен қатар мен. 500 сом ақша қалтада Сағызға келдік. Ақшаны маған біреуге бергізді. Қазір есімде жоқ айтқандары, колоннаны шегендеп болғаннан кейін үлкен дастархан жайылмақ. Ақша сол үшін керек екен. Біз келгенде ко-

лонна межелеген тереңдікке жіберіліп шегендеуге әзірлік жүріп жатыр екен. Бірлестіктің басшылары Бөкең бастаған жиналған агрегаттардың, смесительдердің үстіне шығып әзірліктің қалай жүріп жатқанын бақылап тұр. Манифольдтың басында, агрегаттар мен смесительдерді орналастыруды Екібай Жәрдемұлы басқарып жүр. Қамзекең сырттан бақылап тұр. Үш-төрт сағатқа созылған әзірлік те бітті. Шегендеу процесі басталып кетті. Үш күнге созылған процесс ойдағыдай аяқталды. Дастархан жайылды. Бұрғышылар, шегендеушілер, механизаторлар, келген бақылаушылардың бәріне табак тартылды. Ақтар да, қызылдар да, күрендер де тамаққа араласып жатты.

Артынан белгілі болғанындай бірлестіктің басшыларының келуі мамандардың деңгейін басып қарап кімді қайда жұмсау сияқты ойларын пысықтау үшін екен.

Осыдан кейін көп ұзамай жаңа басқарманың бірінші бастықтары тағайындалды. Қамзекең орталық инженерлік-технология қызметінің тізгіні тапсырылды. Сол қызметте жүргенде Қамзекеңнің талай бұрғылау қондырғысының құрастырылып, жұмысын бастап кеткенше басы-қасында ұйымдастыру шеберлігінің куәсі болдым. Орталық инженерлік-технология қызметінің басты міндеті тапсырылған жоспарды орындау. Жоспар - «Его величество метр». Жоспардан бір метр кем болса үлкен айқай. Премия (Сыйақы) жоқ. Сондықтан ай аяқтала бастағанда Қамзекеңнің алдындағы дәптері шимайлана бастайды. Әртүрлі болжамдармен ай бітпей тұрып бір жеті бұрын қай бригаданың қанша метр қазу керек екені белгілі болады. Бәріне ескертіледі, әрине ауызша рациямен. Қамзекеңнің қызметкерлері, басқарманың белді-белді мамандары әр бұрғылау қондырғысына арнаулы тапсырманы орындау үшін біреуі тік ұшақпен, біреуі поезбен, ия болмаса машинамен аттанып жатады. Айдың аяғында бар мамандар басқармаға жиналады. Тапсырма орындағандардың екі езулері құлақтарына жетеді, ал орындамағандардың салы суға кетіп, ұнжырғасы түсіп, мойындары салбырап келеді. Ал

орындалған жоспардың қаншасы ойда, қаншасы қырда екенін тек қана бір адам біледі. Ол - Хамзекен!

1977 жылы Балықшы барлау бұрғылау басқармасында бұрғылау бригадаларының саны 26-ға жетті. Бір басқарманың орнына 4 мекеме құрылды. Балықшы БББ-сы орнында қалды, жаңадан Прикаспий бұрғылау жұмыстары басқармасы (орысша Прикаспийское управление буровых работ - ПУБР), мұнара монтаждау кеңсесі (Вышкомонтажная контора - ВМК) және шегендеу кеңсесі (Тампонажная контора) құрылды. ПУБР-дың басшысы болып Балықшы барлау бұрғылау басқармасының бас инженері Махамбетов Екібай Жәрдемұлы тағайындалды. Қамза Қуантыровты өзімен бірге ПУБР-дың орталық инженерлік-технология қызметінің бастығы етіп алып кетті.

Одан бері БУРБ пен ПУБР бір қосылды, бір айырылды. Бастықтар бірінен кейін бірі ауысып жатты. Тек қана орталық инженерлік-технология қызметінің бастығы Қамза Қуантыров үздіксіз күнделікті тапсырманы орындап жатты.

Аға бұрғышы Қамзекене ұзақ өмір, мықты денсаулық тілеп ортамызда аман-есен жүре беруіне тілектеспін.

2008 жыл.

ДУЗБАЕВ САТЫБАЙ

1973 жылы мамыр айының басына Оңтүстік-Шығыс Камышитовый кенорнына бұрғылау учаскесінің аусым бастығы болып барғаннан кейін Дүзбаев деген жас маман бар екенін, онымен бірге Мартыши кенорнында жұмыстас болған Жұмағалиев Серіктен естіген болатынмын. Бірақ мұнай өндіру басқармасының қызметімен біздің бұрғылау мекемесінің өзара қатынастары ұнғыларды қазып болғаннан кейін тапсырысқа қатысатын геологтармен шектелетін. Келесі ретте Сатыбайдың фамилиясы оны Құлсары мұнай өндіру басқармасының бастығы болып тағайындалғанда жарыққа шықты. Ол уақытта менің қызметім Балықшы барлау бұрғылау басқармасының бас инженері, сосын Прорва кен орнының айналасында бұрғылау жұмысында болғандықтан Теңіздің бірінші ұңғысын сынаққа даярлау қызметінен хабардар болатынмын. Ол бір өте күрделі болғандықтан бүкіл Кеңес Одағындағы мұнай саласындағы институттар мен министрліктің уәкілдері, «Ембимұнай» бірлестігінің Бөлекбай Сағынғалиев бастаған топ-топ адам керегі бар, керек емесі бар сынаққа әзірліктің шаруасымен күндіз-түні ерен еңбек етіп жатқан уақыт. Бәріне орын керек, ішетін ас-су керек. Соны қамтамасыз ету Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Дүзбаев Сатыбайдың міндетінде. Басындағы қызмет бабында жүрген адамдардан келіп кетушілер көп. Облыстың, ауданның, Москвадағы министрліктің, салалы институттардың басшылары мен шашбауын көтерушілер қырғын адам. Құлсарының жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің қызмет (отдел рабочего снабжения) тамақ әкелу, дайындау, үлестіру.

Ал бұл шығын еш жерде қаралмаған. Коммунизмге жеткен жоқпыз, дамыған социализмнің уақыты. Ал социализм дегеніміз есеп. («Социализм - это учет», В.И. Ленин).

Есеп - қисаппен есептесіп отыратын уақыт жоқ. Алдағы міндет тезірек № 1 ұңғыны сынақтан өткізіп, әлемдегі теңдесі

жоқ кенорнының ашылғаны туралы жаңалықты паш ету.

Бір шама уақыт өткеннен кейін сынақ ойдағыдай өтті. Күткендей-ақ мол мұнайдың көзін ашқанымызды елге жария еттік. Теңіз кенорнының игеруді жеделдету үшін 1981, 1983 жылдары СОКП мен Министрлер Кеңесінің әдейі екі Қарары шықты.

Ақша жүрген жерде, ревизор деген пәле бар, қалса ОБХСС бар. Тексеріп қалса қыруар ақша тамаққа кеткен.

Кім ішкен, кім жеген аты жоқ, фамилиясы жоқ, әйтеуір ақша жойылған. Ол уақытта бәрі үкіметтікі, жекеменшік деген атымен болмаған. Ал шығын шыққан қағазға қол қойған кім? Әрине бастық. Кім бастық? Мұнай өндіру басқармасының бастығы - Дүзбаев Сатыбай! Іс бітті. Сот болды. Бәрін жеген Сатыбай Қуанышұлы! «Өзі де жебір екен!».

Ал ішкен-жегендер жайына кетті. Солардың ішінде біршама жылдар өткеннен кейін Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының лауреаттары да бар.

Сонымен Дүзбаев С. мемлекетке қыруар шығын келтіргені үшін, «тамақсау болғандығы үшін» мойнына бірнеше жылды іліп алып, үкіметтің әншейін жатақханасына жатып, әншейін тамағын жанұясынан бөлек ішуге мәжбүр болды.

Осындай басына түскен қиындықтардан кейін қайтадан үйіріне қосылып, жұмысын бұрынғы деңгейінен жоғары сатыға көтеріп, тіпті Америка Құрама Штаттарына барып білімін жетілдіріп келген қарсаңда бірінші рет өзінің жақын қылып жүрген ағасы Нұрғалиев Өтегеннің үйінде кездестірдім.

Әйелі Дәметкенді де бірінші көргенім. Әп-әсем жанұя. Тамаққа көп зияны жоқ сияқты. Сабырлы, әр сөзін байыппен ойланып айтатын адамдар екен. Сатыбайдың жас күнінде қандай болғанын білмеймін, сол кезден бері әр жерде кейде жұмыс бабымен, көбіне қонақтықта, той-топырда бірге болып жүрген уақытта ортаның сәні, әзіл-қалжыңы көмейінде тұратын азамат ретінде танымын.

Өндірісте жүріп ғылыммен де айналысып кандидаттық

диссертациясын қорғап алды. Сырт көзге кештеу көрінгенмен алдындағы айтылған жағдайды ескерсек игіліктің ерте-кеші жоқ деген ұлағатты сөздер осы жерге үйлесіп тұр. Және осы еңбегі Сатыбайдың өмірден әлі де болса алатыны да, беретіні де барын көрсетеді ғой деп ойлаймын.

2009 жыл.

ҰСТАЗ АСАБАЙ ХИСМЕТҰЛЫ

Балықшы барлау бұрғылау басқармасының (ББББ) Қарт Ембінің жер қойнауының байлығын игерудегі бірден-бір басты мекеме болуына үлкен үлес қосқан Асабай Хисметұлы осы өндіріс ошағын үзбестен 1973 жылдан 1985 жылға дейін басқарған. Балықшы барлау бұрғылау басқармасы - 1972 жылы Прорва бұрғылау конторының (ПБК) негізінде құрылып, кеңсесі Сарқамыстан, қазіргі Атырау, сол кездегі Гурьев қаласына көшірілді.

Мекеменің бірінші бастығы Маташев Мүтиғолла (бұрынғы Прорва бұрғылау кеңсесінің директоры), екіншісі Шилимов Евгений Лаврентьевич (Ембімұнай бірлестігінің бұрғылау өндіріс бөлімінің бастығы), үшіншісі Хисметов Асабай. Асакең Балықшы барлау бұрғылау басқармасына тағайындалмастан бұрын Ембімұнай (ЕМГ) бірлестігінің бас директорының орынбасары болып қызмет атқарды. Оған дейін Маңғыстау мұнай және газ барлау экспедициясында (ММГЭ) бас инженер болған. Ол кезеңде Маңғыстау мұнай және газ экспедициясы Қазақстанның геология министрлігіне, ал Ембімұнайгаз Советтер Одағының мұнай министрлігіне қарады. Мамандарды, лауазымды адамдарды республика деңгейіндегі мекемеден, одақтық мекемеге аудару, тек қана жергілікті коммунистер партиясының келісімімен және шешімімен болатын. Яғни, Асакеңнің Маңғыстаудан Ембіге келуі оның осал болмағандығының куәсі ғой деймін. Әрине, Асакең өздігінен Ембіге жұмысқа сұранбаған болар. Мәселені сол кездегі ЕМГ бірлестігінің бас директоры Бөлекбай Сағынғалиұлының барлау-бұрғылау жұмыстарын кенінен жүргізілуіне бағыттаған жоспарын жүзеге асыратын басшы мамандарды таңдауы шешкен болар. Егерде 1970 жылдардың басында Прорва бұрғылау конторы жылына барлығы 30 мың метрдей пайдалану және бұрғылау ұңғыларын бұрғыласа, кейін уақыт көрсеткендей бұрғылау деңгейі бірнеше рет көтерілді.

Мен 1971 жылы институт бітіріп келгеннен кейін Прорва

бұрғылау кеңсесіне бұрғышының, сосын шебердің көмекшісі, ал 1972 жылы ББББ құрылғанда, бұрғышы шебері, өндірістік-техникалық бөлімде аға инженер болып қызмет атқардым. Яғни, Асакеннің алдында болған екі басшының да алдын көрдім. Асакеннің басқару жүйесі мүлде басқа көрінді. Тәртіп күшейді. Орталық инженерлік-технологиялық қызметінде күндіз-түні рациямен Гурьев облысының оңтүстігінде Прорва, батыста Камышитовой, шығыста Кеңкияқ кенорындарымен байланыстар үзілмейді. Бұл тек пайдалану ұңғыларын бұрғылап жатқан кенорындар ғана. Олардан басқа Доссор, Сағыз, Пустынный, Тәжіғали т.б. алаңдарда барлау жұмыстары жүріп жатыр.

Басқарманың орналасқан жері қала сыртындағы телемұнаның жанында қоймаларға арналып салынған ұзынашұбақ бір қатарлы құрылыс (строение). Елдің аузындағы аты «колбаса». Оған сыймағандар вагондарда отырады. Қыста салқын, жазда ыстық. Кондиционер деген атымен жоқ, тек желдеткіш, ол да біреуде бар, біреуде жоқ. Бір бөлмеде бірнеше бөлімдер сиысып отырып, қызмет жасай береді. Бұл жағдай басқарма отырған жерде, ал барлау алаңдарындағы әлеуметтік жағдай ауызға алып айтарлықтай емес еді. Сол уақытта тұз астына іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында, Волгоградтан бірнеше бұрғылау бригадалары шақырылып, бұрғылау ауқымы күрт өсті және сонымен бірге алаңдардағы бұрғышыларға арналған әлеуметтік жағдайлар жақсарды. Яғни, жататын, демалатын, ас ішетін орындар салынды.

Өндіріс басқару жүйелеріне бұрынғы Прорва бұрғылау конторы мамандарынан басқа, Маңғыстаудан Асакеннің шақыруымен бір топ азаматтар келді. Прорва бұрғылау конторының бұрынғы бас инженері Қуантыров Қамза орталық инженерлік-технология қызметін басқарды. Бұрынғы өндірістік-техника бөлімінің бастығы Махамбетов Екібай Жәрдемұлы басқарманың бас инженерлігіне тағайындалды. Бас геолог болып Биікжал барлау экспедициясынан келген Балғымбаев Мақаш, өндірістік-техника бөлімінің бастығы болып Биікжалдан келген Ильясов Мұрат

тағайындалды. Технологиялық бөлімнің бастығы, өндірісті қамтамасыз ету базасының бастығы болып Аженов Сағидолла мен Кенжеғалиев Серік, Асакеңнің Манғыстаудан шақырған мамандары қойылды. Және олармен қатар Асакең оқу бітіріп келген жастарды жеке-жеке шақырып, сөйлесіп бір-бір учаскені басқаруға жіберді. Соның бірі мен болдым. 1973 жылы мамырдың 5 жұлдызында кабинетіне шақырып алып маған айтқаны әлі есімде: «Төлен оқуың бар, денсаулығың бар, стол құшақтап, шалбарыңды жылтырататын уақыт алдыңда, ана Камышитовой кеналаңында пайдалану ұнғылары тезірек қазылу керек, соған барасың», - деді. «Ия, жақсы», - деп шығып кеттім. Сол кезде жаңадан үйленген кезім, әйелімнің күні жақындап қалған, оған қарайтын жағдай жоқ. Сол күні түс қайта бас инженер Екібай Жәрдемұлы машинасына отырғызып, Камышитовой кеналаңына келіп өзімнің ұстазым, Доссорда ол бұрғышы шебері болғанда, оған көмекші болғам, ал Камышитовой учаскесіне бастық болып кеткенде, мен сол кісінің орнын басқан едім. Енді тағы да ұстазымның орнына отыруға тура келді.

Ол адам ұлағатты азамат, жұмысына шексіз берілген, бүкіл бұрғышы әлеміне танымал Тухватуллин Илья еді. Сол кезеңнен бастап, менің өндірістегі өмірім Асакеңмен, ол кісі бұл фәни дүниеден озғанша тығыз байланыста болды.

Мен Камышитовойға барған уақытта жұмысшылар 7 күн сайын ауысып тұрады да, ал басшылары, инженерлер мен шеберлердің жұмыс кестесі аптасына бес күн 8 сағаттан қызметте және екі күн демалыста болу керек еді. Ал шын мәнісінде соңғы аталғандар апталап, айлап өндірісте болатын. Менде солардың күнін кештім. Бірінші сапарымда 25 күннен кейін үйге келдім. Одан кейін де вахталық әдіс енгенше 7-10 күнде қалаға келіп семьяны көріп, ертеңіне басқармаға барып, өндірістің шаруасын шаруалап кеште үйде бір түнеп, таңда өндіріс басына кететінбіз. Бүгінде тап сондай жұмыс кестесі ақылға сыймайтын жәйт. Бұл Асакеңнің жанынан шығарған әдісі емес, сол уақыттағы бұрғылау жұмыстарының ұйымдастыру жүйесінен қалыптасқан мұнайшылардың да,

геологтардың да басынан өткен жағдайлар. Оның себебі, ертеде геологтар іздеу-барлау алаңдарына бұрғы саларда әуелі жерті қазып жұмыстарын бастаған. Егерде жұмыстары жалғасатын болса, сол маңнан кішігірім уақытша үйлер тұрғызып семьяларын қастарына алып, іздеу-барлау қызметтерін бітіргенше кеналандардың жанында тұрғын қалашықтар пайда болатын.

1960 жылдардың аяғында 1970 жылдардың басында іздеу-барлау қызметтерін, тек қана Қазақстанның геология министрлігі емес, бүкілодақтың мұнай министрлігінің бірлестіктері де жүргізе бастады. Сол кезден бастап Ембі өңіріне де вахталық әдіс кеңінен енгізіліп, кішігірім тұрғын қалашықтардың орнына Гурьев қаласының жоғарғы жағы Жайықтың бойынан Ақжар поселкасы бой көтерді. Халық аузындағы аты «Бурпоселоқ». Бұрғышылардың жұмыс орындарында вахтовый поселоктар салынып, өндірістегі қызметкерлер мен жұмысшылар мерзімді бір уақыт далада жасап демалыс күндерін отбасы қасына өткізетін күндерге жетті.

Менің алғашқы өндірістегі ұйымдастыру жүйесінің қырсырын менгерудегі әліппем Асекең мектебінен өтті.

1977 жылы ББББ-ғы бұрғылау бригадаларының саны 17-18-ге, адам саны 1700-1800-ге жетті. Іздеу-барлау алаңдары жылдан-жылға көбейіп, жалғыз ББББ-на игертпей жатты. Сол уақытта Ембімұнай бірлестігінің тәртібімен бір басқарманың орнына төрт мекеме құрылды. Олар Прикаспийское управление буровых работ (ПУБР), Прикаспий бұрғылау басқармасы (ПУБ), мұнара монтаждау конторы, тампонаж конторы. ББББ-да жасап жүрген мамандармен қатар, Волгоградтан келген мамандар осы құрылған мекемелерге басшы қызметтерге тағайындалды. ПББ-на бастық болып Махамбетов Екібай Жәрдемұлы, бас инженерге Волгоградтық Самоилов, бас геологқа Рахметов М., орталық-инженер-технологиялық қызметіне Қуантыров Х.Қ., өндірістік-техникалық бөліміне Ильясов Мұрат, технологиялық бөліміне Өрекешев Серік, бас механикке Кенжиев, техникалық-қауіпсіздік бөліміне Айтжанов Қуаныш тағайындалды. Бастықтың

шаруашылық жөніндегі орынбасары Салихов Халел.

Мұнара монтаждау конторының директорлығына Волгоградтық Барыльник А.А., бас инженерлігіне Сұлтанов тағайындалса, тампонажный конторының директоры Нұржанов Сағидолла, бас инженерлігіне Биғалиев Ермекқали тағайындалды.

Бұл мамандар түгел дерлік, Нұржанов Сағидолла ағамыздан басқасы, ББББ-ның бас мамандары. Сол уақытта жаңа мекемелер құрылып жатқанда, Асакең Екібай Жәрдемұлына айтыпты: «Екібай, сен қалаған адамдарыңды өзіне алам десең, өз еркің» деп. Екібай Жәрдемұлы жоғарыда жазылғандай ересек және тәжірибелі мамандарды өзімен бірге алып кетеді. Ал, Асекең жас мамандармен қалады. Бір ББББ-ның орнына төрт мекеме құрылғаны жастардың дамып келе жатқан өндіріске және оны басқаруға араласуына үлкен жағдай туғызды. Сол күндегі Асекеңнің қасында қалған бас мамандар мыналар еді: бас инженер Тардонов Борис Константинович, геологиялық бөлімде Қожабаев Алмаз, технологиялық бөлімде Аженов Сағидолла, бас механик Жұмағалиев Жаксекең, бас энергетик Тұхпатов, техникалық қауіпсіздік бөлімде Балжанов Құспан, орталық инженерлік-технология қызметіне Жұмалиев Жолдас Абитович, өндірістік-техникалық бөлімде осы жолдардың авторы.

Бұрғылау алаңдарында бұрғышы шеберлер, райондық инженерлік-технология қызметтерінде жоғарғы оқу орындарын бітіріп келген жас түлектер мен тәжірибесі мол мамандар араласып жасап жатты. Сол жылдары өндіріске келген жас мамандар ББББ-де бұрғылау сырының егжей-тегжейіне қанығып, 3-4 жылдың ішінде бұрғылау шеберлері аудандық инженерлік-технология қызметтерден басты қызметкерлерге көтерілді. Осы күнде олардың бірі жоғарғы лауазымдардың иесі ал, екіншісі үлкен-кіші өндіріс орындарын басқарып жүр. Қазіргі Барлау-өндіру АҚ-ның бас директоры Балжанов Асқар, НК Казмұнайгаздың вице-президенті Ибрашев Кенжебай, Казмұнайгаз-Бурение ЖШС-нің бас директоры Жамауов Жұмабек, УПНП и КРС бас инженері Қадралиев Қазихан, ОТОпром фирмасының директоры Тілегенов

Аман, DASK Дриллинг ЖШС бас директоры Нұржанов Аскар, Жолумбаев Марат т.б. Ал, енді осыншама мамандар қалайша жоғары лауазымдарға ие болған деген сұрақ қойсақ, оған жауап біреу. Қазақтың макалында бар ғой: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген, Асакеңнің ұстаған қатаң тәртібі, талабы, іскер ұйымдастырушылығын бойларына сіңірген жас қырандар бүгін орталарының бел алды болып жүр. Бұрғышылардың сынағынан өткен мамандар басқару жүйесінің қыр сырына қанығып шығады. Оған себеп ұнғы бұрғылауды ұйымдастыруда басқару жүйесінің басты-басты принциптерін пайдалану және ұдайы тексеріп отыру қажет. Тереңге 4000-5000 метрге бұрғылайтын бұрғылау бригадасын басқарып білетін шеберлердің құрамында 1000-нан асатын адамдары бар басқарманы басқаруға тағайындалғанының куәсі болдық.

Асакеңнің жұмыс жасау тәсілінің өзіндей бір ерекшелігі бар болатын. Бұрғылау жұмыстары үздіксіз процесс болғандықтан орталық инженерлік-технология қызметі төрт сағат сайын әрбір бригадасынан хабардар болып отырады. Таңертенгі басқармадағы қызмет бастықтың кабинетінде өтетін тәуліктің нәтижесін талқылаумен басталады. Ол жиынға барлық бас мамандар қатысып, бастықтан кейде ескерту, кейде шұғыл тапсырма алып шығатын. 10-15 бұрғылау бригадаларының не істеп не қойып жатқанын, неге мұқтаж болып жатқанын сол жерде еститінбіз.

Қамза Қуантыров сияқты тісқаққандар жағдайды тізбелеп айтып жатқанда, Асакеңнің тек қана бір сұрағы болатын. Ол сұрақ: «Неге?». Бір «неге?» деген сұраққа жауап алса, одан кейін бірнеше «неге?» болады. Сөйтіп шегіне, анық қанығына жеткенше ол сұрақ қайталана береді, қайталана береді. Егерде кімде-кім барлық «неге?» деген сұраққа қанағаттанарлық жауап берсе, бастық оны қабылдаса, демін ішіне тартып отырғандар бір «уф» деп демалатын. Біз артынан білгеніміздей, таңертенгі басқармадағы мамандармен жиналыс сол күнгі екінші жиын екен. Біріншісі, Асекеңнің таңғы сағат 6-7 шамаларындағы алыс-жақын орналасқан қондырғылардың шоғырланған орталықтарымен

хабарласып талай «неге?» деген сұрақтарға жауап алғаны. Асакеңмен үзентілес бірлестік бастықтарының «Асакең үйден шықпай, барлық буровойларда не болып жатқанын біліп отырады» - деп айтқандарын талай естіген едік.

Адам болған соң, пенде болған соң әркімнің өзіне тән қылықтары болады. Асакеңнің кей уақытта ешкімге айтпай демалысқа кетіп қалатын кездері болатын. Ол жағдай апта, кейде апта жарымға созылып кететін. Басқарманың қызметі бұрынғыдай жүріп жатады, бірақ бәріміз Асакеңнің «негесіне» үйреніп қалғандықтан ба, әйтеуір, бір нәрсе жетпей тұрғандай болады. Әр жерде олқылықтар орын алады. Оларға көп мән бермейміз. Ал бірлестіктегі басшылар оны біліп отырады. Кейде жиындарда сұрайды, «бастықтарың қайда?»-деп. Біз білмегенсіп отырамыз. Әңгіме сонымен доғарылады. Бір күні Асакең жұмысқа шығады. Мен бас инженермін. Шақырады. Қағаздарымды құшақтап, мен барам. Доклад жасаймын. Барымша тәптіштеп мәлімдеймін. Бір қызығы, «неге?» деген сұрақ жоқ. Тек ия-ия, а-аа, ннң... сияқты дыбыстар. Мен кетем, менен кейін орталық инженерлік-технология қызметінің бастығы кіреді. Ал түстен кейін қарбалас басталады. Бас мамандар тапсырма алып, вертолетке кетіп жатса, жабдықтаушылар жүктерін қолдарына алып машиналарға шауып бара жатады. Ұйымдастыру жүйесі қайта қалпына келіп жатқанның белгісі бұл.

Сол кезеңде «Асакең шашырап жатқан шаруашылығын жинауға кірісіп кетті» деген сөздер айтылып жүрді. Яғни, біз бәріміз қаншама талаптансақ та, барымызды салып жұмыстансақ та, Асакең келіп араласқанда, жұмыс өзгеше ұйымдастырылатын еді. Тағы да бір Асакең енгізген ерекшелік. Бас мамандар болсын, қатардағы мамандар болсын іс-сапарға шыққанда төрт-бес күнге деп жолдама алып кетеді, ал қайтып оралуы жолдамадағы көрсетілген мерзімге емес, барған жұмысыңды тындыруыңа байланысты. Бір аптаға кеткен мамандар 15-20 күн жүріп келетін уақыттар талай болды. Бір қызығы ешкім сені неге жүрсін, жол сапарың біткен жоқ па,-деп сұрамайды да. Гурьевтегі

басқармадағылар да сен жұмысыңды бітірсен келмейсің бе,-деп айтпайды. Бәрін шешетін біткен іс, тындырылған қызмет. Егер барған шаруанды тастай қылып бітірсен, бірақ, жол сапарыңның мерзімі бітпесе де, тік ұшаққа мініп Гурьевке келесің. Асекеннің алдына алшаңдай басып барасың.

БОЛҒАН ОКИҒА

Жаңадан үйленген механик жігітті Пустынный барлау алаңына іс-сапарға жібереді. Барған шаруасы бір апта өтеді, бітпейді. Екінші апта өтеді, бітпейді, кетейін десе, кете алмайды. Үшінші апта бітер-бітпестен, жігітіміз «мен болдым, енді шыдайтын түрім жоқ»-деп тік ұшаққа мініп кетеді. Бұл менімен құрдас Амангелді Ерғалиев еді.

Бұрғылаудың көлемі 1976 жылы 90500 айдау метрге жетіп, 1972 жылғы көрсеткіштен үш есеге, 1977 жылдың қортындысы бойынша төрт есеге көбейді. Әрине, мұндай көрсеткіштер Ембі өңірінің аймағында ондаған жаңа мұнай кенорындарын ашуға және пайдалануға мүмкіндік берді. Ембімұнайгаз бірлестігінің ББББ-на еншісіне берген «Прорвинская группа структур» деп аталатын аймақ тиді. Құрамында Шығыс, Орталық, Батыс Прорва алаңдары, Досмухамбетовская, Солтүстік Қолтық т.б. іздеу-барлау және пайдалану ұңғылары бар. Яғни өндірістің шоғырланған жері Прорва кеналаңы болғандықтан, орталық инженерлік-технология қызметі Прорвадағы базаға орналасты. Ал басқарманың аппараты Атырауда (бұрынғы Гурьев) болды.

Қазіргі әлемге әйгілі Теңіз кеналаңына сол 1976 жылдан бастап, іздестіру қызметі басталып жатқан уақыт (№1 ұңғының жобалық тереңдігі 5000 метр). Ондай тереңдікті бұрғылайтын Ембімұнайгаз бірлестігінің тәжірибесі жоқ болғандықтан, Одақтың мұнай министрлігінің шешімімен Волгоград Мұнайгаз бірлестігіне қарайтын Волгоград бұрғылау басқармасының бұрғышылары өздерінің қондырғыларын, мамандарымен бірге «Прикаспий» жер ойпатына алып келіп Қаратон, Тәжіғали

алаңдарында тұз асты қабаттарына іздеу-барлау жүргізіп жатқан жерлерінен осы Теңіз алаңына аударған еді. Тапсырыс беруші Ембімұнайгаз бірлестігі, орындаушы мердігер ВолгоградМұнай бірлестігі.

1974-1975 жылдары «Ембімұнайгаздың» бұрғылаушылары да тұз асты қабаттарына Пустынный барлау алаңында 5000 метрлік ұңғыларды Теңізден бұрын қазып мұнай өнімдерінің бар екеніне көздерін жеткізген еді. Бірақ өнімдерінің аса қауіпті екеніне мән бермеген. Себебі, тұз асты қабаттары мұнайының құрамында бұрын-соңды кездеспеген күкірт газы көп болып шықты. Волгоградтықтар қазған Тәжіғали барлау ұңғысынан тұз қабаттарының ішінен құрамында күкірт газы бар тұзды су (рапа) атқылады. Абырой болғанда, адамдардың күкірт газымен уланған кездері болған жоқ.

Кейін белгілі болғанындай Кеңестер Одағында тұз асты қабатынан шыққан өнімді игеруге ешқандай мүмкіндік болмаған. Бірінші күкірт газына төтеп беретін бұрғылау және шегендеу тұрбалары, цемент, ал тіпті өнімді шығарған кезде де оны жинайтын, өңдейтін қондырғылар атымен жоқ. Техника қауіпсіздігі ешқандай жоғары көлемдегі күкірт газына сәйкестендірілмеген.

1979 жылы Волгоградтықтар №1 Теңіздегі ұңғыны қазып болып толық сынақтан өткізгісі келгенде, бүкіл Одақтағы мамандар, институттың небір ғұламалары, Министрліктегілер қолдарын көтерді. 1979 жылы 19 желтоқсанда небәрі 10 минуттай уақытта ұңғының өнімі жер бетіне шығарылды да қайтадан басып тасталды. Содан кейін екі-үш жыл әзір тұрған ұңғыны сынақтан өткізу үшін бүкіл Кеңес Одағы болып шетелден әдейі қондырғылар алдырып, әзірлік жүргізіп барып, 1982 жылы толық сынақ жүргізіп тұз асты қабатының мол мұнайы бар екеніне көз жеткізгеннен кейін Теңіз мұнай алаңында барлау қызметтері кеңінен жүргізіле бастады. Ол жұмысқа Волгоградтан қосымша Арчеда бұрғылау басқармасы, Ембіден Балықшы барлау-бұрғылау басқармасы жұмылдырылды.

1979 жылы маусым айында Асакең мені шақырып алып,

«Төлен, сені бас инженерлікке ұсынайын деп отырмын. Оған қалай қарайсың?»- деді. Мен «егерде ұсынып жатсаңыз мен қарсы бола қоймайтын болармын» дедім. Асакең маған орысша «Төлен, я хочу предложить твою кандидатуру на должность главного инженера» дегенде менің жауабым мынандай болды: «если вы предлагаете, я бы не отказался». Осы айтқанымды естігенде Асекең маған бір сын көзімен қараған сияқты болды. Мүмкін екі жылдай өндірістік-техникалық бөлімді басқарған жылдарымда ойынан шыққан болуым керек. Содан төрт жыл бас инженер болған кезімде Асакеңнің жан сырын, өмірге деген көзқарасын, жалпы ұжымды басқару, жетелеу сияқты қырларына қанық болдым деп айта алмаймын. Ол кісінің өз қатарларымен қалай сөйлесетінін де, қалай пікір таластыратынынан да хабарым жоқ. Тіпті Асакеңнің басқа адамдарға ұқсап, Атырауға кең жайылған ала қағазын ойнағанын да, ойнамағанын да білмеймін. Өйткені, жас арамыздың қашықтығы бір жағынан, екінші жағынан Асакеңнің қатарларының Маңғыстау түбегінде болғаны себеп болса керек.

Ұзақ жылдар тығыз-таян қызметтес болғанымның ішінде, тек қана үш рет бір ашылып сөйлегенінің куәсі болдым. Бірде өндірісте жүргенде демалатын жерде бірге отырғанда балалары жөнінде айтқаны есімде. Балаға айт-айтпа, санасына бермесе, қаншама итермелесенде, ол өз дегенін жасайды деген сөзін, өзіміздің ұл-қыздарымыз өскеннен кейін түсіндім. Тағы бірде өз кабинетінде отырғанда маған: «Төлен, адам қорықпаса қызмет жасамайды» дегені бар. Мен жауап қайтармадым, бірақ іштей ол тұжырымға келіспедім. Себебі, ол кезеңде жұмысшы саусағын жаралап алса, бас инженер кінәлі, арак ішіп қойса, отбасында бүлік шығарса, бастық кінәлі тағы с.с. әйтеуір, барлығына кінәлі басшылар, ал жұмысшылардың жауапкершілігі толығымен басшыларға жүктелген еді.

Бүгінгі нарық заманының талабы Асакең айтып кеткендей, жұмысшыларды да, қызметкерлерді де қорқытып-үркітіп ұстауға бейімделген. Себебі, әркім өзі үшін қызмет жасайды (бұрын Отан

үшін деген патриоттық сезім болатын). Талапқа сай болмасаң, орнынмен қоштасасың. Ал, үшіншісі, әйгілі Атышулы Теңіздегі №37 ұнғы өртеніп жатқанда.

Жоғарыда айтып кеткендей, 1979 жылы Теңіз іздеу-барлау алаңында мол мұнайдың көзі бар екені анық болып, Теңіздің кенорны болып аталып бастаған уақыт. Волгоградтық бұрғышылар №1 ұнғының сынағына әзірлік жүргізіп жатқанда, тағы да тұз асты қабатына 3-4 ұнғыны қатар каза бастаған еді. Ембімұнайгаз бірлестігінің бас директоры Бөлекбай Сағынғалиев, Бөкен, 1981 жылы КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы А.Н. Косыгиннің қабылдауында болып соның қорытындысы бойынша КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Кеңесінің, Батыс Қазақстанда геологиялық барлау жұмыстарын күшейту және мұнай-газ өндірісін өркендету жөніндегі №522 қаулысы шықты.

Сол кезеңнен бастап Теңіз кенорнына барлау қызметтері кеңінен жүргізіле бастады. 1981 жылы ББББ-ның да бір бригадасы №23 Теңіз ұнғысын бұрғылап бастады. 1982 жылы – 7, 1983 жылы -11, бұрғылау бригадасы Теңізде бұрғылау жұмысын жүргізіп жатты. Ол күндегі 10-нан астам бұрғылау бригадасының бір уақытта 5000 метр жобалық тереңдігі бар ұнғыларды жабдықтау, басқару, жұмысшыларға қалыпты әлеуметтік жағдай туғызуды ұйымдастыру қызметінің өте жоғарғы деңгейде болуын талап етті. Теңіздегі ұнғыларды бұрғылауда кездесетін геологиялық технологиялық қиындықтардан өту үшін Кеңес Одағының бұрғылау саласындағы ғылыми зерттеу институттарымен біздің жас мамандарымыз тығыз байланыста болды. Аз мерзімнің ішінде басқарманың бас мамандары мен инженерлері әлемдегі озық техника мен технологияны меңгеруге мүмкіндік алды. Сөйтіп, Асекең басқарған ББББ-ның қызметі Волгоградтық әріптестеріміздің деңгейіне қай жағынан болса да жетіп жығылды. Бірақ, асып кетті деп айта алмаймын. Техникалық жабдықтау жағынан, әлеуметтік жағдай туғызу жағынан Ресейден келген бұрғышылар бізден бір-екі саты жоғарылау тұрды. Дәлел ретінде төменде бір-екі мысал.

Волгоградтық бұрғышылар Теңізге шықпастан бұрын, сол кездегі стандартқа сай вахталық кешен салды, экспедицияның бастықтары, инженерлік-техникалық қызметкерлердің барлығы вахталық әдіспен жасады. Өндіріс мәдениеті, әртүрлі техникалармен қамтамасыз ету жағынан әйтеуір, бір артықшылықтары көрініп тұратын. Әрине, бұған себеп олар бізге қарағанда, бұрыннан өте терең ұңғыларды қазып тәжірибе жинақтаған, мамандардың бір қатары шетелде қызмет жасаған үлкен тәжірибе иелері еді. Сосын қанша дегенмен де Волгоградтықтар бір табан болса да, Москваға жақын тұрды ғой. Төмендегі хаттың жобасының ішіндегі (обоснование объема поисково-разведочного бурения на XII пятилетку) көрсеткіштерді ББББ-ның бұрғышыларының да 1981-1983 жылдар аралығында қатардан қалмағандығының белгісі ретінде беріп отырмын (қосымша 2).

1983 жылдың екінші жартысында мен Ембімұнай бірлестігіне өндірістік бұрғылау бөліміне ауысып кеттім. Асекеңе бас инженер болып Волгоградтан келген №2 аудандық инженерлік технология қызметінің бастығы Черкасов Эдуард Федорович тағайындалды. Бұрғылар тереңдеп, 12 бұрғылау бригадасы Теңіз кеналаңында болса, бір бригада батыс Прорвада. №1 Теңіздің сынағы ойдағыдай болды, тұз асты қабатында мұнайдың мол көзі бар екені дәлелденді. Енді мұнайдың қорын анықтау басты міндет. 1983 жылы Теңіз кенішін игеруге арналған тағы бір қаулы шықты.

Теңіздің тұз асты қабатынан мұнай алу оп-оңай емес екендігіне бәріміздің де көзіміз жетті. Жұмыстың тиянақты және ұңғыларды сапалы тұрғызу жөнінде ондаған нұсқаулар, ескертпелер жазылып, бекітіліп жұмыс ережесі өндіріске енгізілді. Дегенмен де, әттеген-айсыз болмады. 1985 жылдың 24 маусымында №37 Теңіз ұңғысын бұрғылау кезінде 4300 метр тереңдіктен ашық мұнай-газ атқылауға жол берілді. Газының күкірті көп, онымен уланған адам әп-сәтте өмірден қол үзетінін бәрі біледі. Ал осындай апатты әлгі бас инженер Черкасов Эдуард Федоровичтің қолымен жасағандығы жүрекке батады. Сол уақыттағы солақай

саясаттан шыға алмай мекемелердегі екінші бастық орыстар болу керек деген нұсқауды орындау ғасыр апатына әкеліп соқтырды. Черкасов Э.Ф. өзімен қоймай, бүкіл Ембімұнайгаз бірлестігінің қазақстандық бұрғышыларға қара күйе жақтырды. Асакеңнің де фәни дүниеден бақилық ерте кетуінің басты себебі осы аварияға байланысты болды ғой деп ойлаймын.

Аварияның бастапқы күндерінде Каспий жағалауындағы бір еріктен 37-нің басына Теңіздің суын айдауға әзірлік жүріп жатқанда, Асакеңнің аузынан «Төлен, мен шаршадым, демалайын», - деп айтқанда, мен ол кісінің қандай дағдарыста болғанын байқадым. Бұл үшінші рет Асакеңнің ашылып сөйлегені. Өмірде ешнәрсе із қалдырмай өтпейтінін, 1987 жылы - марқұмды жерлеуге арналған қаралы жиында есімізге алдық.

Асакеңнің Теңіз кенорнына жұмсаған еңбегі ескеріліп, Қазақстан Республикасы лауреаты атағын алуға, өзінің тәрбиелеген мамандары ат салысқанын айта кеткенді жөн көрдім.

1994 жылы көкек айының соңында Ембімұнай бірлестігінде Теңіз мұнай кенорнын ашушыларға Қазақстан Республикасының лауреаты атағына ұсынуға арналған техникалық кеңес болды. Бірлестіктің бастығы Қамалов Наиф Гатуфович техникалық кеңесті басқарды. Лауреаттыққа ұсынылғандар: Досмұхамбетов Ж. – бұрынғы Ембімұнай бірлестігінің бас геологы, №1 ұңғыны қазуға арналған Актіге қол қойған, Авров ИГИР (институт геологоразведки) – Теңіз алаңына бірінші көңіл аударған соған шығуға ұйытқы болған, Сағынғалиев Бөлекбай – Ембімұнай бірлестігінің бас директоры, ең басты тұлға, Балғымбаев Мақаш – Ембімұнай бірлестігінің бас геологы, бүкіл Теңіздегі барлау қызметіне тапсырыс берушісі, Есказиев Орынғазы – Ембімұнай бірлестігінің геология бөлімінің бастығы («оқымаған кандидат»-Бөкеңнің қойған аты), негізгі жұмыс атқарушы, Елеманов Болат Далдайұлы -Қазмұнайгаз Холдинг компаниясының бастығы, бұрынғы Теңізді сынақтан өткізуге арналған группаның жетекшісі, Балжанов Құмар Қайырбайұлы, Ембімұнай бірлестігінің бұрынғы бас инженері. Оқып отырсаңыздар кандидаттардың

ішінде бірде-бір бұрғышы жоқ. Сол уақытта Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының бастығы Тілегенов Аманмен, Прикаспий бұрғылау басқармасының бастығы Жолымбаев Марат шығып сөйлеп, кандидаттар құрамында бірде-бір бұрғышының жоқтығына наразылық білдіріп, ББББ-ның бұрынғы бастығы Хисметов Асабайды, бұрынғы бас инженері Байзақов Төлегенді кіргізу жөнінде ұсыныс енгізді.

Менің қарсылығыма қарамастан, менің Теңіз кенорнын ашуға қатысым жоқ екенін, оны бірінші болып ашқан Волгоградтық әріптестеріміз екенін айтқанымды техникалық кеңес қабыл алмай, тізімге екі айтылған бұрғышыны енгізді. Жабық дауыс беріліп, қорытындысы жарияланды. Екі бұрғышы кандидаттыққа өтіп кетті. Бұл бесінші жұма күні болатын. Сенбі күні кандидаттарды Бөкең жинап, керек қағаздарды даярлауды тапсырды. Маған өзімдікімен бірге Асекеңнің керекті құжаттарын әзірлеуім керек болды. (Сол уақытта жасалған ББББ-ның кәсіподақ комитеті Протоколының көшірмесі, қосымша 3).

Бірінші күні тағы да техкеңес өтеді екен, соған жинап жатыр деген хабар тарады. Кешке таман техкеңес жиналды. Бұрынғыға караганда, техкеңестің мүшелері көбейген орындықтар жетпей жатыр, бірақ кешегі Тілегенов пен Жолымбаевтар көрінбейді. Шұғыл түрде Алматыға іс-сапарға жүріп кеткен. Қайта жабық дауыс беру, қорытындысында әйтеуір, Асакең тізімде қалған болып шықты. Бұрғышылар да мен де соған риза болдық.

Т.Б. Байзақов

Атырау қаласы

01.10.2007 жс.

МАҚАЛАЛАР

Сүйер ұлдың аты көп

(очерк)

- Авария. Авария, Ав... р... ия!

Жел ала қашып, үздік - сөздық естілген суық сөзге Төлеген сенерін де, сенбесін де білмей сәл аңтарылып қалды.

- Авария! Нұрберген қайда?..

Машина ойлы-қырлы жермен Камышитовыйға тіке тартып келеді. Әншейінде төбесі көрініп тұратын қала Камышитовыйдан қашықтап кеткен тәрізді. Дүниеде жеткізер түрі жоқ. Дауылды күнгі теңіздей алып ұша өрекіпген ой әр сакқа жүгіріп, маза бермейді.

Төлеген бұрғышы мамандығының, қуаныштан гөрі қиындығының, абырой-атақтан беймазасының көп екенін жақсы біледі. Бірақ ол бұл мамандықты кездейсоқ қалаған жоқ. Жұмыстың ауырлығын, қиындығын біле тұра қалады.

Біреулер мамандық таңдағанда әке жолын, екіншілері ана жолын қуады. Төлеген Талқайраңда балықшы отбасында дүниеге келді. Ақ Жайықтың ерке толқынында тербеліп өсті. Оны балалық пәк жүрегімен-ақ қалтқысыз сүйді, бірақ балықшы болуды армандаған жоқ. Мектеп бітірген соң Төлегеннің оқуға түсуге көңілі дауаламады. Оның осынысын түсінген әкесі бетінен қақпады. Сөйтіп жиен ағасы Зинешке еріп Қарсаққа келді. Бұрғышылық жұмыстың әліппесін, өзінің еңбек жолын осында бастады. Буровой жабдықтарын жөндеуші слесарь болып екі жыл істеді. Бірақ ешкім оған буровой пультін ұстатар түрі жоқ. Одан бұл жұмысты қызғанып жүрген де ешкім жоқ. Амал не мамандық, қала берді білім жетіспейді. Ол осыны дер уақытында ұқты. Оқу дәмін енді білді. Сөйтіп Төлеген 1962 жылдың жазында чемоданын сүйреп Грозныйдың мұнай институтына қойып кетті.

Институт та бітті. Совет Армиясы қатарындағы борышын да

өтеді. Қайтып туған ауылға оралды. Бұл кезде ол көп нәрсенің парасатын ұғып, ер жетіп, азамат болып қалған-ды. Сондықтан да ол институтта алған білімін практикамен ұштастыруды жөн санады.

Ол жаңа еңбек жолын Доссордағы №703-ші терең скважинаны бұрғылаудан бастады. Әуелі көмекші бұрғышы, сосын бұрғышы, бұрғышы мастер болды. Тоғыз ай бойы күні-түні дамыл таппай төккен маңдай терлері далаға кетті. Үміт ақталмады. 2 850 метр тереңдікке жетіп, пермотриас қабатын аттырғанда өз көздеріне өздері сенбеді. Мұнай жоқ болып шықты. Жас жігіттің кәдімгідей-ақ сағы сынып қалды. Бірақ бұрғышылар тарапынан еш кінә болған жоқ-ты.

Артынша-ақ Төлеген Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының техника бөліміне аға инженерлік жұмысқа шақырылды. Баласы үйдің қасына келгеніне карттар да мәре-сәре болып қалды. Бұл жұмыс Төлегеннің өзіне де теріс болған жоқ. Тез үйреніп калып еді, бірақ табан астында жаңа бұйрық алды.

Басқарманың тасы өрге домаламай, авариядан аварияға ұшырап, жоспардың қарасын көрмей-ақ қойды. Басқарма бастықтары да кітап бетін аударғандай тез ауысып жатты. Ал Асабай Хисметов жұмысты өзгелерден гөрі басқаша бастады. Әрбір технологиялық қызметтің, участоктің қалімен жіте танысып алып, шара ала бастады. Кезек Камышитовый участогіне келді. «Мұнда 1971 жылы екі скважина қазылған, бірақ пайдалануға тапсырылмаған. 1972 жылы екі скважина қазылған. Үшіншісі тек басталған. Артынан ол аварияға ұшырап, консервацияға қойылған». Асабай бұл мәліметті қолына алғанда өңі жуылған шүберектей оңып кетті. Сәл абдыраудан кейін бойын жиды. «Участокты дұрыстап қолға алмаса болмайды екен. Смена бастығы етіп жібере қоятындай кім бар? Жоқ оны алыстан іздемеу керек. Жастарға сенім арту қажет. Демек бір түзесе Төлеген Байзақов түзеуі мүмкін» деп түйді ойын.

Күнделікті дағды бойынша асханадан тамактанып келді де Төлеген үзілістің бітуін күтпей жұмысқа кірісіп кетті. Сол-

ақ екен бастықтың алдында отыратын хатшы қыз қаздаң басып жетіп келді де:

- Төлеген, бастық шақырып жатыр, - деді.

Кабинетте Асабай жалғыз емес екен. Бас мамандардың біразы осында отыр. Тегінде өздері ұзақ талқыдан соң бір байламға келген адамдар секілді.

- Төлеген, сенің әлі жас, басқару тәжірибеңнің жоқтығына қарамастан Камышитовый участогіне смена бастығы етіп тағайындағымыз келіп отыр.

- Қайдам, тәжірибем де аздау...

- Отбасымен ақылдасып көрсін, - деп сөзге бас геолог араласты.

- Егер, сіздер сенім артып, бару керек деп шешкен болсаңыздар қарсы емеспін.

- Міне болды, - деп ризалық сезім білдірген Асабай жас жігіттің қолын мықтап қысты. - Жалпы қиындықтан қаймықпайтын, тұрашыл адамдарды жақсы көрем. Ал енді участок тағдыры сенің қолыңда, сәтті қадам тілейміз.

Алабұртқан жүрек участокты көргенде табан астынан су сепкендей басылды. Төрт айдан астам уақыт ішінде бір-ақ скважина бұрғылаған. Ал жоспар бойынша 13 скважинаны пайдалануға тапсыру керек. Төлеген өңі ме, түсі ме екенін білмеді. Көрер көзге сеніп болар емес. Бір участокте тек қана Идаят Есекеновтың бригадасы жұмыс істейді. Оңға басып тұрған іс шамалы. Бірін түзеуге тырысса, екіншісі құлап жатады. Бас әбден шырғадай болды. Сөйтіп жүргенде Доссордан Әбетисан Намазғалиевтің бригадасын алды. Осыдан соң барып оң-солына қарап, жоспар жайын ойластыруға көшті. Алғашқы айдың ішінде екі скважина қазды. Өзінің шаршағанымен есептесіп жүрген ол жоқ. Аздау болса да «ауған түйенің жүгін түзегендей» сезінді.

Осылайша арада бірнеше айдың жүзі өтті. Участок айлық тапсырманы орындауға жетілді. Бірақ Төлегенді ойландырып жүрген жайлар көп. Қолым тиіп басқармаға бара қалсам

айтарым-ақ деп жүр еді. Бір күні көктен тілегенін жерден беріп, «Ембімұнай» бірлестігінің бастығы Бөлекбай Сағынғалиев бастаған бір топ адам участокке сау ете қалды. Алдымен буровойлар жайымен, істің барысымен танысты. Содан соң участоктің қызыл бұрышында өндірістік кеңес өткізді. Жиналғандардың ішінде Төлегеннің танитынынан танымайтыны, жүзін білгенімен атын білмейтіндері көп. Бөлекбай Сағынғалиев әңгіме төркінін бесжылдықтың шешуші жылы жоспарының орындалу барысына бұрды. Жетістіктерді мадақтай отырып, кемшіліктерді өткір сынады. Соңында сөз кезегін Төлегеннің өзіне берді. Бірлестік бастығының жылы сөзі жас жігітке қайрат, бойына батылдық құйғандай болды. Алдындағы жүрексінуді қойып, батыл сөйлеп кетті.

«Камышитовыйдың» жәйі бәріңізге аян. Оны айтып, уақыт алудың қажеті болмас. Қайткен күнде де жоспардан шығып, мұнайшыларға 13 скважинаны пайдалануға тапсырамыз. Бірақ авариядан арыла алмай-ақ қойдық. Камышитовый жерінің газдылығы сонша, асырып айтқан адамға скважинаны бұрғыламақ түгел, жерошақ та қазуға болмайды. Айналырған 80 метрге дейінгі тереңдікте екі газ қабатынан өту керек. Қиындық туғызып тұрған осы. Оның екінші себебі маман кадрлар жетіспейді. Көбіне-көп тәжірибесі жоқ жастар мен практиканттар жұмыс істейді.

Мен бүгін өзімді мәжбүр еткен кейбір жайларды айтқым келіп тұр. Участокке жауап беретін смена бастығы. Демек ол дем алмауы қажет пе? Дем алайын десең орнына қалар қожа жоқ. Ал тіпті отбасымызды көрмей, осында жатып-ақ жұмыс істей қояйық. Бірақ өмір ағымынан қалуға болмайды. Онда сен қандай инженер боласың? Сондықтан да жаңалықты іздеп оқып, үйрену үшін де бір мезгіл, демалатын бос уақыт қажет. Онсыз істі ілгері бастыру қиын. Бір-ақ мысал айта кетейін. Мен журналдан Румыниядан шыққан долотоны көріп, оны қолдануды қатты құмарттым. Ол, әсіресе Камышитовый сияқты сазды жерді қазуға өте қолайлы. Тістері ірі, өндіріп қазады. Ал қолданып жүрген долотоларымыздың тістері уақ, сондықтан да оның алымы на-

шар. Жиі-жиі алмастыру керек. Румыния долотосы біздікінен гөрі жіңішкелеу. Сондықтан да оған колон келмей қалмай ма деп қатты қиналдык. Бірақ тағы көмекке озат тәжірибе келді. Сөйтіп №104-ші скважинаны Идаят Есекеновтың бригадасы осы долотомен қазып шықты. Оның артықтығына сонда көзіміз жетті. Әншейінде бес-алты долотомен қазылатын скважина үш-ақ долотомен бұрғыланды. Скважинаны бұрғылау үш есе жылдам жүрді. Міне, осындай жаңалықтарды біліп, ізденіп отыру үшін сменамен жұмыс істеу әдісін шешсеңіздер екен...» Төлеген осы жолы шешіліп ұзақ сөйледі. Бірлестік бастығы оның сөзін бұзбай, ден қойып тыңдады. Содан соң Асабай Хисметовке қарап «өте орынды мәселені қозғап отыр. Бұл мәселені тез арада шешуіңді сұраймын. Қалай жасайсың, оны кейін ақылдасармыз» деді.

Төлеген кеңесте сөйлеген сөзінен пайда көрді. Іле-шала сменамен жұмыс істеуге көшті. Осылайша төрт-бес айдың жүзі артта қалды.

Бір күні Төлегенді басқарма бастығы Хисметов шақыртты. Ол әдеттегі шақырулардың біріне сайды.

-Біз Камышитовый алаңының қиындығын, жұмыс көлемін, болашағын ескере отырып №2 технологиялық қызмет орталығын Доссордан Камышитовыйға көшіруді ұйғардық. Ал технологиялық қызметті басқару тізгінін сенің қолыңа беруді ұйғарып отырмыз. Тәжірибе де жинақтап қалдың. Адамдарын да жақсы білесің, - деп түйді басқарма бастығы.

Төлегенге бұл шешіммен келісуге тура келді. Себебі ол шешіліп-ақ қалған мәселе болатын. Сөйтіп отызға еркін жетпеген жас жігітке технологиялық қызметті басқару міндеті жүктелді. Төлеген өзін сынайтын сағаттың енді басталғанын сезді.

Алыстан көз тартқан №79-шы скважинаның буровой мұнарасы Төлегенді ой құшағынан жұлып алды. Ол шоферге «тіке буровойға тарт» деді.

Газ атып кеткені рас екен. Жігіттер болса абыр-сабыр. Бұрғышы мастер Олег Пожилов та жастығы, тәжірибесіздігі шығар түсі өзгеріп, қатты сасулы. Газ ату себебін әр қайсысы әр

саққа ала қашып, өздерінше топшылауда.

- Не болды? Ертінді төмендеп кетіп пе? - деп Төлеген Олегке бұрылды.

- Төмендеген жоқ. Көз жазбай бақылап-ақ тұрдық, - деп мастер шұбыртып жатыр.

- Нұрберген, сен қалай қарайсың? Менің ойымша ертінді айдап, циркуляция бар жоғын білу қажет.

- Бірден-бір дұрыс шешім. Тіпті басылмаған күннің өзінде жағдайды білеміз ғой.

- Олег, тез қататын ертінді айдап көрші, - деп бұйырды Төлеген.

- Циркуляция жоқ, - деді мастермен қабаттаса араласып жүрген смена бастығы Нұрберген Балғымбаев.

- Онда іс сәл қиындау болды. Колон түбіндегі цемент стакан қатып қалған, - деп Төлеген бөркін көтеріп, маңдайын сипады. - Қалай істеген жөн...

Орталықпен байланысып, жәй-жапсарды түсіндіру, өздерінің пікірлерін бөлісу үшін Төлеген технологиялық қызмет кеңсесіне келді. Феликс Тулин ешкіммен тілдесе алмай амалы құрып отыр екен.

- Феликс, Гурьевпен хабарласпай болмайды. Нағыз болмаса басшылардың пәтеріне телефон соғу керек. Қалай да бүгін түннен қалдырмай геофизиктерді жіберсін. Колонды аттырмайынша іс бітпейді. Түсіндің бе?

- Түсініп отырмын, Төлен, - деп мүсіркей жауап қайырды Феликс. Себебі Мартыши мен Камышитовый кен орындарын өмірге келтіруге қолдап араласқан геологке жағдай белгілі болғандай.

Бұрғышылар Төлегенді өздерінің қалауына атайды. Төлеген де, Төлен де, басқаша да. Бірі құрдастықтан, бірі жақсы көргендіктен солай дейді. «Сүйер ұлдың аты көп» демекші соның бәрі жарасым тауып тұрғандай.

Бұлардың бақытына ертеңіне елең алаңмен геофизиктер тобы келіп жетті. Зерттеу жұмысын да тез жүргізді. Ақырында жүз он бес метрге дейінгі аралықта цемент жоқ екенін анықтады.

- Жігіттер, жағдай түсінікті болды. Енді босқа уақыт жоюға болмайды. Ерітінді айдауға тез әзірленіндер, - деді Төлеген мастер Олегке қарап. - Ал, сіздер, жүз он метр жерден колонды аттырыңыздар.

Геофизиктер де тілге келген жоқ. Аттыру жұмысына кірісті. Бұл мезгілде бұрғышылар да колон ішіне түсіретін тұрбаларды даярлап болған-ды.

- Жұмысты бастауға бола ма?-деді Олег.

Геофизиктермен сөйлесті де: «Ал баастандар, іске сәт!» деп бұйырды Төлеген.

Жігіттер де мігір тапқан жоқ. Төлеген мен Нұрберген де жатақханаға кете алмай күні-түні буровой басындағы вагонда. Тамақты да осында алдырып ішіп, осында түнеуде. Жігіттер болса алма кезек вагонға келіп жылынып, электр пешке киімдерін кептіріп, ауқаттанып алады да қайта іске кіріседі. Осылайша арпалыспен үш күн де өтті. Олардың болжамы да дәл шықты. Екінші газ қабаты цементтеліп, жігіттердің жүрегі орындарына түсті.

Май сіңіп, мұнай иісі аңқыған, сұр даламен Төлеген мен Нұрберген баяу жүріп келеді. Иықтарынан ауыр жүк түсіргендей. Бұл далаға май сіңгендей бола қойған жоқ. Бірақ 1972 жылдың қазан айында аварияға ұшыраған №62 скважинаның зардабы Камышитовыйды жастай қартайтып кетті. Бұрғышының жұмысы осы-сәл қателессең болды кешірмейді, бүкіл маңдай терінді қас қағымда жокқа шығарады.

Қазір олар өздерінің дұрыс шешім қабылдай білгеніне марқайып келеді. Үш күн бойғы жүйке тоздырған жұмысты да, ұйқыны да елетпей көтеріп келе жатқан да сол бір тоқ көңіл.

Айтқали НҮРҒАЛИЕВ

«Коммунистік еңбек» газеті

23 (март) наурыз 1974 жыл

МЕНЕДЖЕР

Үлкендердің әңгімесін құлағымыз шалатын. Сонда «Пәленшекеңді, не оның баласын періштесі қорғаған екен. Әйтпесе...» деп отыратын көнекөз қариялар. Бүгінгі кейіркеріміздің өмір жолына зер сала қарасақ, нақ осылай басталар қариялар әңгімесі ойға оралады. Үнемі оны періштесі қорғап жүретіндей көрінеді. Үлкендер айтатындай, әйтпесе... оның дәл бүгінгі күнге жетер-жетпесі бір Алладан басқаға беймәлім еді.

Бәрін басынан бастайық. Әуелі кейіпкерімізді таныстырсақ, есімі Атырау асып, елімізге, тіпті бірқатар шет мемлекеттерге танымал болған мұнайшы Төлеген Байзақов туралы әңгімелегенді жөн көрдік. Оны бүгінгі нарықтық қатынас тілімен айтқанда, мұнайшы дегеннен гөрі менеджер деген әлдеқайда ұғынықты болар. Өйткені, оның атқаратын қызметі де, айналысып отырған ісі де сөздік қорымызға ене бастаған осы ұғымның қауызына сыйып кетеді. Дәл қазір Атырау облысында құрылып, жеті жылдан бері 130 мұнайшымен толайым табысқа жетіп келе жатқан «Мәтен» бірлескен кәсіпорнын басқарады. Бір жыл емес, бақандай жеті жылдан бері осы кәсіпорынға бас менеджер болу соншалықты оңай емес. Оның үстіне, бұл отандық емес, шетелдік инвестормен бірлесіп құрылған кәсіпорын болғандықтан, бас менеджерге жүктелер жауапкершілік жүгі еселеніп артады. Себебі, бұл кәсіпорында қазақ пен түрік елдерінің ортақ мүддесі бар. Бұл - бір.

Екіншіден, кәсіпорынды нарық талабына сай бәсекеге қабілетті болатындай деңгейге жеткізуге алдымен бас менеджердің ұйымдастырушылығы, іскерлігі қажет. Ұжым мұнайшыларын сапалы мұнай өндіруге жұмылдыру, олардың ынтамен жұмыс істеуіне жағдай жасау, өндірілген өнімнің тұтынушыға жеткенге дейінгі барлық шаруаның оңға басуы бас менеджердің әлгіндей қасиеттерімен ұштасып жатады. Мұндай қасиеттен ада менеджер қанша жерден беделді болғанмен, бәрібір күндердің күнінде басқарған кәсіпорнын тығырыққа тіреп алуы мүмкін. Осы

тұрғыдан айтқанда, Төлеген Байзақов жетекшілік етіп отырған «Мәтен» бірлескен кәсіпорнының келешегі кемелденіп келе жатқаны баршаға аян.

Қазір мәтендік мұнайшылар аз жылда қол жеткізген табыстарын алдымен Төлеген Байзақовтың атымен байланыстырады. Мұның мәнісі мынада: сонау 1997 жылы осы кәсіпорын ірге көтергенде оның қаз басқан сәтінен бүгінгі қалыптасып, кемелдене бастаған кезіне дейін бай тәжірибесін жұмсап, бар ауыртпалықты еңсеруге жігерлілік таанытқан мұнайшылардың бастауында осы азамат тұр. Алғашқы күннен «Мәтеннің» бас менеджері болып бекітілген біздің кейіпкеріміздің түрік бауырлармен ортақ тіл табысып, қазақ мұнайшыларының бірлескен кәсіпорындағы үлесін арттыруды, олардың шетелдерде кәсіби біліктілігін жетілдіруді, қала берді қазыналы аймақтағы екі бірдей ауданның әлеуметтік дамуына демеушілік танытуды, жергілікті жастардың осы кәсіпті меңгеруіне қаржылай қолдау беруді көздеген әрекеттерінен елге, жерге деген іштартушылықты байқаймыз. Іштартушылық деу үстірттеу пікір болар, дұрысында мұның астарында кейіпкеріміздің бойында ұлтжандылық қасиеттің арнасы аңғарылып тұрған жоқ па?! Рас, қыруар инвестиция салған серіктесті мұндай қадамға баруға көндіре алудың машақаты жетіп жатыр.

Әрине, Төлеген Байзақов бірден бірлескен кәсіпорынға бас менеджер бола қойды десек, мұнымен оқырмандарымыз келіспесі анық. Бұған дейін талай асудан өтті. Бір асудан өту үшін бірнеше кедергіні артқа тастау қажет болатыны секілді, талай қиындыққа қарсы тұра білді. Бір таңданарлығы, оның есін білгеннен бері кездеспеген, бастан өткермеген қиындығы жоқ десе болғандай. Сәл шегініс жасап, кейіпкеріміздің балалық шағын, балаң жастығын көзге елестетер болсақ, алпыс жыл бұрын облыс орталығынан 15 шақырым жердегі Талғайраң деген ауылда өмірге келген. Әкесі Таңатаров Байзақ қарт балық аулауды кәсіп етіп, колхозда адал еңбегімен отбасын асыраған, көпке танылған қарапайым жан. Ешкімге дауыс көтермеген, ешкімнің ала жібін аттамаған Байзақ қарт балықшылар атынан 1954 жылы Мәскеуге, ВДНХ-ға барып

қайтқан. Анасы Малика да шаруаның адамы, ала жаздай танапта егін баптаса, басқа мезгілде де колхоздың әртүрлі шаруасынан бас тартпаған. Таң алакеуімдене бастаған шақтан қас қарайғанға дейін тыным таппаған ата-ананың еңбекқорлығы жұғысты болса керек, Төлеген де ерте есейген, еңбек етуге құлшынысы ерте оянған.

Мектепке де қатарларының алды болып, алты жасында барыпты. Өзінен төрт, бес жас үлкендігі бар ересектермен бірге орта білім алып, еңбекке де құрдастарынан бұрын араласты. Бала болып ата-ана мойнына асылып, еркелегенінен гөрі өлім аузынан қалған сәттері көп. Тағдырдың жазуы, тіпті қариялардан еститініміздей, періштесінің үнемі қорғап жүретіндігі шығар, мұндай оқыс оқиғаның бәрінен аман қалып келеді. Сол оқиғаның бәрін саналамасак, саусақ жетпес еді.

- Тоғызыншы сыныпты бітіріп, туу туралы куәлікті қайтара алуға барсам,-деп еске алады Төлеген Байзақов, - менің құжаттарымды мұрағаттан көтерген егде ер адам таң қалдырды. Ол куәлігіме атымды Төлеген деп, туған жылым мен күнімді 1944 жылғы 9 мамыр деп жазып берді. Бұл уақытқа дейін мені Төлен деп атаған бәрі. 1943 жылдың 6 мамырында өмірге келдім деп жүрсем, кейіннен тура бір жасқа жасардым...

Содан бері Төлеген атанған кейіпкеріміз суға кетіп қала жаздапты. Рас, бұған бұғанасы қатпаған бала кезінде тап келді. Ересек балалар кішкентайларды суға жүзуді үйренсін деп лақтырып жіберетіні бар емес пе? Сондай «тәжірибеден» өту барысында бір ажалдан қалды. Қайықпен жүзіп бара жатқан адам бұған назар аудармастан өте шыққанда, суға шомылуға келген ауылдас қыз құтқарып қалған екен. Бірақ, тап сол сәтте өзін құтқарған қыздың кім екенін есте сақтамағанмен, кейіннен анасының:

- Ержеткенде алғашқы табысыңнан екі адамға көйлек кигізуді ұмытпа,-дегенін жадынан шығарған емес. Оның бірі - кіндік шеше. Екіншісі - судан құтқарған қыз. Анасының осы айтқан аманатының ішінен кіндік шешеге арнап көйлек кигізсем деген ниетін алғашқы жалақысын алған сәтте орындады. Ал өзін ажал

